



ЖЫЛЫТУ МАУСЫМЫН БАҚЫЛАУДА ҰСТАУ ҚАЖЕТ

Мемлекет басшысы Энергетика министрі Алмасадам Сәтқалиевті қабылдады.

Президентке энергетика саласын дамытудың негізгі мәселелері мен еліміздің отын-энергетика кешенінің биылғы 10 айдағы көрсеткіші, сондай-ақ мұнай-газ және энергетика бағыттарындағы ірі жобалардың жүзеге асырылуы жөнінде мәлімет берілді.

Кездесу барысында Алмасадам Сәтқалиев аталған кезең ішінде Қазақстандағы мұнай өндіру көлемі 74,8 миллион тоннаны, ал мұнай өнімдерінің өндірісі 11,2 миллион тоннаны құрағанын жеткізді. Сонымен қатар 48,7 миллиард текше метр газ, 93,5 миллиард кВт/сағат электр қуаты және 15,35 мың тонна уран өндірілген.

Қасым-Жомарт Тоқаевқа ұлттық электр желісін дамыту үшін атқарылып жатқан шаралар,

биыл маусым айында іске қосылған электр энергиясын нарықта сатуудың жаңа механизмі жөнінде баяндалды.

Мемлекет басшысына қысқы жылыту маусымы калыпты өту үшін қосымша бақылау орнатылғаны туралы ақпарат берілді. Атап айтқанда, энергетика нысандарын қамтамасыз ету мақсатында 5,5 миллион тонна көмір мен 100 мың тонна мазут қоры дайындалған.

Бұған қоса, Мемлекет басшысына ведомствонның ел аймақтарына одан әрі газ құбырын тарту жоспары таныстырылды.

Кездесу соңында Президент жылыту маусымының барысын және энергетика инфрақұрылымын жаңғырту жобаларының іске асырылуын айрықша бақылауда ұстауды, сондай-ақ ішкі нарықты жанар-жағармаймен және сұйытылған мұнай газымен үздіксіз қамтамасыз ету шараларын қабылдауды тапсырды.

ТӘРТІПКЕ БАҒЫНҒАН ҚОҒАМ ӨРКЕНИЕТТІ БОЛАДЫ

Президент Ішкі істер министрі Ержан Сәденовпен, Бас прокурор Берік Асылловпен, Жоғарғы Сот төрағасы Асламбек Мерғалиевпен, сондай-ақ басқа да салалық ведомстволардың басшыларымен кездесіп, консультациялар өткізді. Мемлекет басшысы заңның сақталуына, азаматтардың құқықтық санасы мен құқықтық мәдениетінің деңгейін арттыруға қатысты мәселелерге баса мән берді.



Қасым-Жомарт Тоқаевтың пікірінше, Заң мен Тәртіп қағидаты Қазақстан қоғамының идеологиялық және саяси темірқазығына айналуға тиіс. Қазіргі калыптасқан жағдай көшедегі мәдениетсіздіктен бастап төбелес, ұрлық, кісі өлтіруге дейінгі құқықбұзушылықтың барлық түріне ымырасыз қарсы тұруды талап етеді.

Президент осындай келеңсіздіктермен тұтас қоғам болып күресу керек деп санайды. Елімізде тұрмыстық зорлық-зомбылық, вандализм, дөрекілік және бұзақылық сияқты Заң мен Тәртіп бұзушылықтың кез келген түріне мүлде төзбейтін әрі оны қатаң айыптайтын жағдай қалыптастыру қажет. Әйелдер мен

балаларға зорлық-зомбылық көрсету фактілерінің батыл түрде жолын кесу керек.

Қасым-Жомарт Тоқаев Ішкі істер министрлігіне елорда мейрамханаларының бірінде болған кісі өліміне қатысты резонанс тудырған оқиғаны ерекше бақылауға алуды тапсырды.

— Заң бәріне бірдей. Азаматтарымыз заңды нығайту жолында жұдырықтай жұмылса ғана қоғамда әділдік орнайды. Әділетті Қазақстан — Заң мен Тәртіп үстемдік құратын ел, — деді Президент.

Естеріңізге сала кетейік, Мемлекет басшысы Республика күні қарсаңында өткен жиында сөйлеген сөзінде Әділетті Қа-

зақстанды құру үшін құқықтық мәдениетті дамыту қажет деген болатын.

«Зансыздық, тәртіпсіздік, мәдениетсіздік елді жарға жығады. Мұндай жағымсыз үрдіске бүкіл қоғам болып қарсы тұруымыз керек. Ал тәртіпке бағынған қоғам өркениетті болады. Бұл — заңдылық. Әр азамат еліміздің заңын құрметтесе, береке-бірлік те, бақуатты тұрмыс та болады», — деді Қасым-Жомарт Тоқаев.

Президент кездесулер мен консультациялар барысында қоғамда әділдік пен тәртіп орнату үшін құқық қорғау органдары мен сот инстанциялары қызметкерлеріне айрықша жауапкершілік жүктелетінін атап өтті.

ТЕҢГЕ ҚАЙТА ТҮЛЕДІ



Ұлттық банк Қазақстан қаржыгерлерінің XI конгресінде ұлттық валюта банкноталарының жаңа сериясын таныстырды. Онда «Сақ стилі» элементтеріне негізделген және көшпенділердің бірегей мәдениетінен бастап бүгінгі Қазақстанға дейінгі ел мұрасын бейнеленген.

3»

СӨЙЛЕСЕ БІЛГЕН СУ ІШЕР



Қазақстандағы өзен-сулар ағынының орташа жылдық көлемі — 100 текше шақырым мөлшерінде. Дүниежүзілік банк бұл көрсеткіш 2030 жылға қарай 76 текше шақырымға төмендейді деп болжап отыр. Демек, алдағы жеті жыл қатарынан су тапшылығы туындай бермек. Мамандар 2000 жылдары республикадағы су ресурстары 120 текше шақырым болғанын айтады.

Суға келгенде көрші елдерге күніміз түсіп тұр. Өйткені Қазақстанның трансшекаралық өзендерге тәуелділік коэффициенті 46%-дан жоғары. Бұл — үлкен көрсеткіш. Еліміздегі үлкен өзендер Ертіс пен Іле Қытайдан, Сырдария — Өзбекстаннан, Жайық — Ресейден, Шу мен Талас қырғыз жерінен ағып келеді. Яғни, жоғарыдағы 100 текше шақырым судың жартысына жуық көлемі сырттан жиналады.

4»

ШАРУАҒА ШАҒЫН НЕСИЕ ҚАЖЕТ ПЕ?



4
БЕТ

ЖАРЫМЖАН ЖАНДАРҒА ЖАЙЛЫ ӨМІР



6
БЕТ

Жұлдыз СҮЛЕЙМЕНОВА,

Мәжіліс депутаты, «AMANAT» партиясы фракциясының мүшесі:

ЗАҢ МЕН ТАЛАП — ИДЕОЛОГИЯ ТЕМІРҚАЗЫҒЫ

Кеше Парламент Мәжілісінің жалпы отырысында депутат Жұлдыз Сүлейменова Премьер-Министр Әлихан Смайыловқа жолдаған депутаттық сауалында: «М.Әуезов кезінде «Қазақ мешел болып қалам демесең, тағылымыңды, бесіңді түзе. Оны түзеймін десең, әйелдің халін түзе!» деген сөзі бүгін де өзекті. Қазақ әйелдерінің ендігі тағдыры баршамызға тікелей байланысты», — деп мәселе көтерді. Халық қалаулысына хабарласып, депутаттық сауалына қатысты бірер сауал қойдық.

— Отбасылық тұрмыстық зорлық-зомбылық қоғамның үрейін ұшыратын өте өзекті проблемаға айналып барады. Қоғамға жария болып отырған әйелді ұру, тіпті өлтіре салу фактісінен тыс, жабулы күйінде қалып жатқан қаншама әлімжеттік оқиғалары бар. Сіз Премьер-Министрге жолдаған депутаттық сауалыңызда «AMANAT» партиясы фракциясы депутаттары дайындаған заң жобасы туралы айттыңыз. Құжатта нақты қандай



тетіктер бойынша қатаң шаралар қарастырылады?

— Заң жобасында жалпы Қылмыстық кодекске, Әлеуметтік кодекске, Кәсіпкерлік кодекске, Еңбек кодексіне және бірқатар заңға өзгертулер мен толықтырулар енгізуге қатысты түзетулер қарастырылып отыр. Отбасылық тұрмыстық зорлық-зомбылықты қылмыс деп тану, соған сәйкес жазаны қарастыру. Бүгінде зорлық-зомбылыққа әкімшілік жаза қолданылады. Жаза Әкімшілік кодекс аясында ғана қарастырылады. Егер біз үкіметтік емес ұйымдардың фактілеріне, зерттеулеріне сүйе-

нетін болсақ, әкімшілік жаза дегеніміз, 2 сағаттан 3 тәулікке дейін қамау ғана. Яғни, бұл аталған проблеманы толыққанды шешуге мүмкіндік бермей отыр. Сондықтан да Қылмыстық кодекске ұрып-соғуға, андуға, буллинг жасау секілді әлімжеттікке қатысты нақты қатаң шара енгізу керек. Бұған дейін бұл мәселелер қарастырылмаған еді. Жалпы, Қазақстанда соңғы жылдары отбасылық тұрмыстық зорлық-зомбылыққа қарсы күрес бойынша тиісті шаралар қабылданып жатыр.

(Жалғасы 5-бетте)



БЕРЕКЕЛІ БЕЙТАРАПТЫҚТЫҢ ӨНЕГЕСІН КӨРСЕТТІ

FP SIGN IN SUBSCRIBE
View Comments (0) SHARE SAVE

Мұның сыртында республика мұнайын, шикізатын, өзге өнімдерін Батыстың бай, «майшелпек» нарықтарына өткізіп, мол табыс табуға мүдделі.

Сол себепті Қазақстан біржақты түрде Мәскеудің сойылын соғып кетпеді, сонысымен Батыс елдерінің көңілінен шығып, оларды өз жақтасына айналдыра алды.

Америкалық басылым өз аудиториясына Астананың бейтараптық ұстанымының басты жетістіктерін жеткізді. Астана одақтасы болса да, Ресейдің 2014 жылдан бері Қырымды және Украинаның басқа да өңірлерін қару күшімен қосып алуын құптамады. Украинаның территориялық тұтастығы мен егемендігін сөзсіз қолдады. Қазақстан тарапы соғыс өртіне оранған Украинаға гуманитарлық көмек көрсетті. Қазақстандық кәсіпкерлер бұл елде бомбалаудан қираған әлеуметтік инфрақұрылымды қалпына келтіруге қазірден көмектесіп жатыр.

Аустралиялық жазушы Линн О’Доннелл жері құнарлы болғандықтан, негізінен аграрлық ел саналатын Украинаға қарағанда Қазақстанның барлық қазба байлыққа, соның ішінде мұнайға аса бай екенін қаперге салды. Бұл Қ.Тоқаевтың жауапкершілік жүгін тіптен ауырлата түседі: ықпалым замандардан бері қаншама алпауыт осы Ұлы далаға көз тігіп, оны ең жайлаған қазақ елін жаулап алуға құнықты.

Бұлақтары Қазақхандығының құлауына, ел мен жердің отарлануына соқтарды. Неоколониализм, отарлаудың жана түрлері белең алған қазіргі заманда Қазақстан қойбасшысына осынау ұлан-байтақ даланы иемденген мемлекетті сақтап қалуудың, онымен шектелмей, елді дамытудың тарихи миссиясы жүктелді.

Халықаралық сарапшылар бұрыннан бері Орталық Азияны «Мәскеудің төл ықпал ету аймағы» санап келді, дәл пікірмен дауласушылар табыла бермейтін. Америкалық Foreign Policy Украинаның соғыс бұл сенімді сепінетті деген байлам айтты. Содан Қытай, Америка Құрама Штаттары, Еуропалық Одақ осы өңірге баса назар аудар бастады.

Нәтижесінде, ортаазиялық елдермен бірге «С5+1» форумын биылғы мамырда – Қытай, дәл осылай аталған форматтағы саммитін 21 қыркүйекте, Нью-Йоркте – Америка, 29 қыркүйекте – Берлинде «С5+1» саммитін – Еуроодақ көшбасшысы Германия өткізді.

Бұл ретте сарапшылардың тұжырымдауына, Қазақстан ешбір алпауыттың жетегінде кетпейтін, басыбайлы ықпалды қалмайтынын, барлық тараппен ынтымақтастығын өрістетіп, оларды өзара тиімді серіктестікке иліктеріне білетінін паш етті.

Қазақстан Қытайдың «Жол мен белдеу» бастамасынан пайда тауып, инфрақұрылымын, транзиттік бағыттарын дамытуда. Америкамен ықпалдастығы арқасында қауіпсіздігі артып, экономикалық катынастары өркен жаюда. Еуроодақпен татуластығы миллиардтаған инвестициялық тасқынаға трансформацияланды. Сыйға сый дегендей, Қазақстан лидері Тоқаев республиканың батыстық санкцияларды бұзбайтынына сендірді.

Қорыта айтқанда, Батыс пен Шығыстағы алпауыттар арасында бакталастық өршіп тұрған шақта, Қазақстан тепе-теңдігін, сыртқы теңгерімді саясатын сақтап қалып, ары қарай ілерілетуде. Геосаяси алып державалардың бірде-бірін Қазақстан кеудеден итеріп, көкіректен теуіп, қатаң қонфронтацияға қилікпеді. Сонымен бірге ешқайсысымен мидай араласып, олардың қателіктерінің жауапкершілік жүгін көпелді. Өмірдің өзі көрсеткендей, тараптардың бәрі өркіммен әріптес Қазақстанның осы байыпты бейтараптылығында қалуына мүдделі болып отыр.

Айхан ШӘРІП

ӘСКЕРИ РЕЗЕРВ – ӘЛЕУЕТТІ ҚОР

«Батыл тойтарыс–2023» әскери оқу-жаттығы барысында Мемлекет басшысы Қасым-Жомарт Тоқаев: «Біздің қарулы күштеріміз жоғары кәсіпқой, мобильді және ең күрделі жауынгерлік міндеттерді орындауға қашанда дайын армия болуға тиіс» деп атап өткен болатын. Осыған байланысты әскери бөлімдерді резервтік күштермен толық жасақтау және олардың жауынгерлік іс-қимылдарға дайындығын қамтамасыз ету мақсатында «Қазақстан Республикасының кейбір заңнамалық актілеріне резервтегі қызмет мәселелері бойынша өзгерістер мен толықтырулар енгізу туралы» заң жобасы әзірленген еді. Парламент Мәжілісінің кешегі Жалпы отырысына палата бюросы ұсынған 9 мәселенің негізгілерінің бірі осы болды.



Бұл аталған заң жобасы Қазақстанда әскери қызметтің жана түрін – еріктілік пен аумақтық қағида-дәстүрлеріне негізделген резервтік қызметті енгізуді көздейді. Бұл қажетті әскери-есептік мамандықтар бойынша резервтік күштерді даярлауға мүмкіндік бермек. Мәселен, резервтегі әскери қызметті өткеру туралы келісімшарт жасасқан адамдар аталған қызметті заңда белгіленген тәртіппен бейбіт уақытта бар әскери-есептік мамандықтар бойынша өткеретін болады. Яғни, мемлекетке қауіп төнген жағдайда армиямыздағы әскери қызметшілердің штат санына қосымша дайындықтан өткен бірнеше мың жауынгер дайын тұрмақ. Резервтегі әскери адамдарға әскери техника мен қару-жарак бекітіліп берілмек.

«Заң жобасына Қазақстан Үкіметі басылық жасап отыр. Оның аясында Қылмыстық және Еңбек кодекстеріне жұмылдыру дайындығы, әскери қызметшілердің мәртебесі, мемлекеттік қызмет туралы заңнамаларға әскери бөлімдерді адами ресурстармен кепілді қамтамасыз ету және жауынгерлік өзін резервтік күштерді құру тұрғысында түзетулер енгізілмек. Резервтік қызмет дегеніміз, бұл – аумақтық қағида, яғни тұрғылықты жері бойынша өткерілетін әскери қызметтің ерікті түрі. Заң жобасы резервтегі әскери қызметте болудың шекті жасын, резервтегі әскери қызметшілердің сабақтар мен жияндардан өту тәртібін, сондай-ақ резервтегі қызметті өткеру кезеңінде залал келтіргені үшін резервтегі әскери қызметшілердің жауаптылығын белгілейді. Ұсынылып отырған мерзім ұзақтығы – 2 ай», – деді Қорғаныс министрі Руслан Жақсылыков.

Депутаттардың да ең көп сұрақ қойғаны осы баяндамашы болды. Десе де, сұрақтардың барлығы басты тақырыпқа, яғни заң жобасына арналды деуге болмайды. Арасында әскердегі әлімжеттік, әйелдерді әскерге алу жағдайлары да сөз болды. Оған да өзге мәжілісмендер осы күні хаттамаларды ратификациялау, спорттық бағыттағы жылқылардың қазақы тұқымын сақтау және өсімін молайту, ұлттық қауіпсіздікті қамтамасыз ету, қоғамдық бірлестіктер мәселелері, Салық кодексі, жұр көйнауы пайдалану туралы заң жобаларына дауыс берді. Күн тәртібінің жалғасы депутаттық сауалдарға ұласқан.

«Қауіпті және зиянды өндіріс нысандарында өнеркәсіптік қауіпсіздік деңгейін арттыру үшін қандай шаралар қабылданса да, бұл шаралар мәселенің себебін жоймай тек салдарымен күресу болып қала бермек. Оған себеп – кәсіпкерлік субъектілерінің қызметін бақылау және қалағалау саласындағы іс-шаралардың дәрменсіздігі. Әрине, бизнес еркіндігі – елдің экономикалық дамуының негізгі қозғалтқышы. Алайда, азаматтарымыздың өмірі мен денсаулығын мұндай еркіндікпен бір деңгейге қоюға мүлдем болмайды. Менің ойымша, басты кемшілік – барлық дерлік кәсіпкерлік субъектілерін бақылау тәртібі бірдей. Яғни, тігін шеберханасы мен жұмыскерлердің денсаулығына қауіпті әрі зиянды ірі кәсіпорындарға жүргізілетін бақылаудың еш айырмасы жоқ. Мұның үстіне, Үкімет «реттеушілік әсеріне талдау» деп аталатын механизмді АРВ (анализ регуляторного воздействия) енгізу арқылы өзін дәрменсіз жағдайға қалдырып отыр», – дейді Мәжіліс депутаты Е.Сатыбалдин. Премьер-Министрге жолданған сауалында ол технологиялық процесстері жұмыскерлердің өмірі мен денсаулығына қауіп төндіретін ірі кәсіпорындардың, сондай-ақ қызметінің нәтижелері бойынша халықтың тіршілігін қамтамасыз ететін кәсіпорындардың қызметін бақылау мен қадағалаудың ерекше тәртібін енгізіп, оны «реттеушілік әсеріне талдау» механизмінің ықпалынан шығаруды сұрап отыр. Әлихан Асханұлына жолданған тағы бір депутаттық сауал Маңғыстау облысы туралы болды.

«Мемлекет басшысының тапсырмалары міндетін оғындай уақытылы өрі бұлжытпай орындауы керек деп есептеймін. Қасым-Жомарт Тоқаев Маңғыстау өңіріне арнайы бірнеше рет барып, қордаланған мәселелер бойынша нақты һәм маңызды іс-шаралар жоспарын бекітті. Оның ішінде өңірге маңызды 34 қажетті тапсырма берілді. Бүгінде сол тапсырмалардың көбі орындалмай отыр. Кеше осы сауалды дайында алдында мемлекеттік органдармен Президенттің берген тапсырмаларын бір пысықтадық. Әзірше 34 қажетті шараның, тек 5-еуі ғана іске асып келеді. 29 іс-шара сол бойы тоқтап тұр. Атап айтсақ, Ақтау–Форт-Шевченко, Таушық–Шетпе жол тораптарын салу, Құйылыс–Ақтау су желісін сумен қамтамасыз ету, Каспийдің жағасын дамыту, Қошқар Ата территориясындағы улы заттарды қому сияқты өңір тұрғындары үшін маңызды тармақтар бар. Сондай-ақ Құрылыс және өнеркәсіп министрлігіне

берілген 6 тапсырма, Самұрық-Қазынаға тиесілі 3 тапсырма, Бейтөрекек берілген бір тапсырма, Ұлттық экономика министрілігіне берілген 7 тапсырма, Ауылшаруашылық министрлігіне берілген 2 тапсырма орындалмаған. Әлихан Асханұлы, сіз 2023 жылы Маңғыстау облысына бір емес, үш рет іс-сапарда болып, Президенттің тапсырмалары бойынша жиналыс өткіздіңіз. Дегенмен біз нәтиже көрмей отырмыз. Бозащыдағы авариядан әлі сауықпадық, от болып аспанға атып тұр. Жұмыссыз безіл жүрген жерлеріміздің саны азаяр емес», – деді фракция мүшесі Самат Мұсабаев.

Келесі бір аманаттық депутат Ұласбек Сәдібеков вице-премьер Роман Склярдың атына Түркістан облысы Тұлқибас кенті мен Кемербастау, Елтай, Майлықент, Иірсү, Құмбастау, Жабағылы елді мекендерін тұрғындарының теміржол өткелін салу туралы өтінішін жеткізсе, депутат Қазыбек Әлішев те Үкімет басшысының орынбасарына жол құрылысы туралы сауал жолдады.

«Мемлекет басшысы Қасым-Жомарт Тоқаев өз Жолдауында 2029 жылға дейін 4 мың шақырымнан астам жолға күрделі жөндеу жүргізуді тапсырды. «AMANAT» партиясының Сайлауалды бағдарламасында 2027 жылға дейін 1 618 шақырымдық республикалық автожол құрылысын және реконструкциясын қамтамасыз ету қарастырылған. Ақтөбе облысы жол сапасы бойынша өңірлер арасында төменнен санағанда үшінші орында тұр. Облыстағы жақсы және қанағаттанарлық жағдайдағы жолдардың үлесі 72%-ды ғана құрайды. Мәселен, ұзындығы 401 шақырым болатын Қандыағаш–Ембі–Шалқар–Ырғыз республикалық жолдары жол-көлік оқиғалары, адам өлімі көрсеткіштерінің жыл сайынғы өсуінің тікелей себепкері болып отыр. Атап айтқанда, соңғы 1,5 ай ішінде 5 жүк көлігі аударылып, 1 жеңіл көліктің жүргізушісі мерт болды», – деді ол.

Вице-премьер Тамара Дүйсеноваға депутат Ринат Зайтов сауал жолдады.

«2019 жылдан бастап еліміздегі Ұлттық бірінші тестілеу және Педагог қызметкерлерінің біліктілігін тестілеу «Тест жүйелерін жетілдіру» деген жөндеумен U-STUDY секілді жеке компанияларға келісімшарт арқылы берілген. Бәлкім, бұл келісімнің ар жағында шынымен жақсы ниет болған шығар, алайда бүгін бұл тәжірибенің өте сәтсіз болғанын көріп отырмыз. Ол сәтсіздіктің салдарын тағы да қарапайым халық тартып отыр. Дәлірек айтсақ, келісім жасалғаны бері ҰБТ-ның бағасы 2 240 теңгеден 5 640 теңгеге, яғни екі есеге өсті. Бұл – бір. Келесі, өңірлерде 114 ҰБТ өткізу пункті жабылып, тест тапсырушыларға қосымша жол мен жатын орын шығыны алып келді. Мысалы, тест тапсыру ауыл тұрғындары үшін үлкен мүмкіндік пен қуаныш. Олар баласын қолдап, барын салып орталыққа баруға мәжбүр. Өйткені тестілеу пунктіре аяқжетім жерлерден алыстап кетті. Онсыз да табысынан шығыны көп халыққа бұл тағы бір салмақ болып отыр.

Бұл мәселенің бір ұшы ғана енді сол компаниялардың мемлекетке келтірген зияндарына тоқталмай. Мысалы, біріншісі, 2019 жылы Ұлттық тестілеу орталығының шотынан 46 млн теңгеден астам қаражат U-FUTURE компаниясына бағдарламаны қамтамасыз ету үшін тікелей бір кезден берілген. Алайда біздегі ақпарат бойынша, қаражатқа сай бағдарламалық қызмет көрсетілмеген. Екіншісі, 15 жыл бойы сараптамадан өткен, мыңдаған оқытушының еңбегімен жасалған, кемінде жүздеген миллион теңге тұратын Ұлттық тестілеу орталығына тиесілі 21 мыңға жуық тест сұрақтары мен тапсырмалары өтеуісі негізде U-FUTURE ұйымына тегін берілген. Ал өз кезегінде ол фирма осы тест тапсырмаларын пайдалана отырып, педагогтер үшін ақылы негізде сынақ тестілеуін өткізіп отыр. Мұны U-FUTURE ЖШС-ның өңірлік тестілеу орталықтарындағы педагогтердің сынақ тестілері бойынша онай тексеруге болады. Үшіншіден, тест сұрақтары мен тапсырмаларының қауіпсіздігі, яғни құпиялылығы сақталмай отыр. Оған да негіз жоқ емес. Бізге келіп түскен өтініштер мен ақпараттар бойынша, кейбір өңірлерде 3 млн теңгеге дейін пара алып, серіктестік өкілдері талапкерлерге жоғары балл жинауға көмектеседі дейді», – деді ол.

Осы орайда депутат барлық тестілеу жұмысын Ұлттық тестілеу орталығына тез арада қайта беруді, мемлекеттік мекемелер көрсете алатын қызметтерге көлденен көк аттылардың араласуына тыйым салуды сұрап отыр.

Нұрлан ҚОСАЙ

ANALYSIS Kazakhstan’s Leader Makes Neutrality an Art

Tokayev is maximizing his opportunities by balancing Russia, China, and the West.



By Lynne O'Donnell, a columnist at Foreign Policy and an Australian journalist and author.



Америкалық Foreign Policy журналы Қазақстанның көп бағдарлы саясатына тәнті болып, оны осы өнердің асқан жүйік дүлдүліне теңеді. Америкалық басылым: «Қазақстанның лидері бейтараптықты нағыз өнерге айналдырды» деген сөзді еткізер тақырыппен шықты. Foreign Policy шолушысы, жазушы Линн О’Доннелдің (Lynne O'Donnell) пайымдауынша, қазақ елінің көшбасшысы Қасым-Жомарт Тоқаев Батыс әлемі, Қытай және Ресей арасында ешкімнің ығына жығылмай, тізгінді тең ұстау арқылы өз елінің «мүмкіндіктер өрісін» кеңейтті.

Әмбеге аян бір шындық бар. Әлдебіримперияның шылауында кетіп, қанжығасына байланған шағын елдердің талайының тағдыры аянышты болып, шежіресінің шынжыр тізбегі бырт-бырт үзіліп, ұлтының ғұмыры жаман аяқталғанына, ұрпағынан тұтас айырылғанына тарих күе. Бүгінде, әлемде геосаяси ахуал күрт нашарлап, державалар арасындағы текетірес-тайталастар зор ушыққан заманда бейтараптықтан бақ-берекке іздеген елдердің ісі ұтымды болып, ұпайы түгенделуде.

Алпауыттар айналасын шаң қылып жатқанда Қазақстан олардың табанынын астында тапталмай, алыстан бақылап, өз елінің ауқатын, өз халқының амандығын ойлауға бел буады. Сөйтп, аймағымыздағы елдерге ұсынылған таңдау арасынан қазіргі ең дұрыс жолды таңдады.

Мысалға, былтыр Украинаға қарсы қанауқымды басқыншылық басталғанда, алғашқы күндері Мәскеудің шашауын көтеруге бой ұрған Орталық Азия республикалары өңірдің көшбасшысы Қазақстанның бұл мәселеде мызғымаса берік бейтараптықты ұстанатынын байқап, естерін жиды, етең-жөндерін қымтады.

Осының арқасында Азияның орталығы қанды қырғынның эпицентріне тартылудан, орны толмас қайғы-қасіреттен опынудан аман қалды. Әскери және басқа көмек беріп, озбырлықтың сыйбайласы болудан аяқ тартты. Бұл есте бастапқы күннен батылдық пен табандылық танытқан Қазақстан көшбасшысы сабырлық, сарабалдық пен бейбітшілік арнасынан аспайтын берекелі бейтараптықтың үлгі-өнегесін, жөн-жосығын көрсетті. Мұның бәрі тарихшылар мен өзге зерттеушілердің зейін қоюына тұрарлық тақырып, лидерлердің кейінгі генерацияларына сабақ боларлық ұлағат.

«Қазақстан Президенті Қасым-Жомарт Тоқаев «Үлкен ойынның» жана қырын ашып көрсетіп, оның кедергілер жолағы екенін тани алды. Осы кедергілерді еңсеру арқылы ол тағдыр тезінен аман өту қабілеттерін шыңдады. Қазақстан лидері өз елін болашақта Украина сияқты Ресейдің жаугершілікке, ирредентизмге інкәрлігін құрбанына айналудан қорғай алатынын дәлелдеді. Ресей орбитасындағы Орталық Азияның ең ірі әрі бай мемлекетінің көшбасшысы бола отырып, Тоқаев прагматикалық нейтралитетті өнер дәрежесіне дейін өрлетсе алды», – деп жазды Foreign Policy.

Америкалық басылым бір жайтқа назар аудартады. Өңірлік сарапшылар төл экономикасын, әсіресе, әскери өнеркәсіптік кешенін қолдауға ұмтылған Ресей мен оған қарсы 2022 жылғы ақпаннан бері қаптаған санкция енгізген Америка, Еуропалық Одақ арасындағы қайшылықтарды еңсеру білген Тоқаевтың қасиеті-қабілетін жоғары бағалады.

Америкалық басылым сарапшысының байламынша, Қазақстан лидері бұл алпауыттардың ешқайсысымен текетіреске түспеді, қайта олардың бәрімен тіл табысу арқылы дұрыс қалам жасалды: нәтижесінде, Қазақстанның экономикасы өсу үстінде, ел өркендеу жолына түсіп жатыр. Енді барлық державалар онымен ынтымақтауға асық әрі ықпалды.

Саясаттанушы Димаш Әлжановтың айтуынша, Қазақстан әлемдік саясаттағы негізгі ойыншыларға не қажет екенін түсінеді және «барлығына бірдей жағу, сонымен бірге санкциялық қысыпқа түсіп қалмау үшін мүмкін болғанның бәрін жасап жатыр». Сарапшының пікірінше, даму үшін Қазақстан халықаралық қаржы жүйесіне және технологияларға қол жеткізуі керек.

СУ РЕСУРСТАРЫН САҚТАУ – ПАРТИЯ БАҚЫЛАУЫНДА

Халық және экономика өсімін ескере отырып, Қазақстанда 2040 жылға қарай су тапшылығы 12–15 миллиард текше метрге жетуі мүмкін. Өткен аптада «AMANAT» партиясы жанындағы Экологиялық кеңес мүшелері су ресурстарының сақталуы мен қолжетімділігі мәселесін талқылады.

Президент Қасым-Жомарт Тоқаев «Әділетті Қазақстанның экономикалық бағдары» атты Жолдауында су шаруашылығы жүйесін тиімді дамытудың маңызын атап өткен еді. Кеңес төрағасы, Мәжіліс депутаты Бауыржан Смағұлов су ресурстарының қолжетімділігі мен сапасы өте өзекті мәселе екенін айтты.

«Биыл еліміздегі су шаруашылығын басқарудың барлық жүйесі реформаланып, Су ресурстары және ирригация министрлігі құрылды. Партияның сайлауалды уәдесін жүзеге асыру аясында су ресурстарын қорғау және қалпына келтіру бойынша бірқатар іс-шара көзделіп отыр. Атап айтқанда: Арал теңізінің солтүстік бөлігіндегі су көлемін 2027 жылға қарай 27 текше шақырымға дейін ұлғайту, Жайық трансшекаралық өзені бассейнінің экожүйесін сақтау және қалпына келтіру жөніндегі іс-шараларды жүзеге асыру, 8 жана су қоймасын салу», – деді ол.

Жуырда Мәжілістің Экология мәселелері және табиғат пайдалану комитетінің мүшелері Атырау облысына барып, Каспий теңізінің қазіргі жағдайымен танысты. Бүгінде өзендер құрғап, балықтың теңізге барар жолы кесіліп жатыр.

«Теніз көз алдымызда құрғап барады. Аралдар, жағажайлар, судың таяз жерлері көбейе түсті. 2040–2050 жылдарға қарай Каспийдің солтүстік бөлігіндегі су қорынан толық айырылып қаламыз ба деген қауіп бар. Ондағы орташа тереңдік небәрі 3 метр. Ал Ақтау қаласының аумағында теңіз өте терең. Жайық өзенінің теңізге



құяр тұсындағы тереңдік 35 сантиметрді ғана құрайды. Мұнай өндіруші компаниялар Қашаған кен орнына дейін алып баратын ұзындығы 80 шақырымдық арна салуды жоспарлап жатыр. Оның үстімен мұнайшыларды керек-жаракпен қамтамасыз ететін табаны үрмелі кемелер өтеді», – деді Мәжіліс депутаты, «AMANAT» партиясы фракциясының мүшесі Сергей Пономарев.

Сондай-ақ жиын барысында кеңес мүшелері Сырдария өзенінің арнасы мен Арал теңізінің солтүстік бөлігін реттеу жоспарын талқылады. Су ресурстары және ирригация бірінші вице-министрі Болат Бекниязов айтқанда, 2016 жылдан бері Арал теңізіндегі жағдай тұрақтала бастады.

«Арал қаласына 16 мың адам оралып, тұрғындар балық аулай бастады. Көкарал бөгетінің арқасында акваторияда балықтың 20-дан астам түрі пайда болды. Балық аулау өнеркәсібінің көрсеткіші жылына 400 келіден 8 мың тоннаға дейін өсті. Оның үштен

бірі экспортталып жатыр. Арал теңізінің суы өте таза. Ең бастысы, аталған теңіздің солтүстік бөлігі толық жойылып кете ме деген қауіп сейілі», – деді ол.

Сондай-ақ Болат Бекниязов Арал теңізінің солтүстік бөлігін қалпына келтіру және өңірлік дамыту жобасы әзірленіп жатқанын айтты. Бұл құжат су инфрақұрылымын және гидрологиялық режимді жақсартуды, Арал теңізінің құрғап калған тұсында сулы-батықты орындар құруды, Арал теңізінің солтүстік бөлігіндегі су көкжиегін Арал қаласына жақындатуды, жағалау аймағындағы экологиялық жағдайды жақсартуды және тағы басқаны көздейді.

Отырыс қорытындысы бойынша кеңес мүшелері орталық және жергілікті мемлекеттік органдарға Мемлекет басшысының Жолдауын, Президенттің сайлауалды бағдарламасын және партияның сайлауалды бағдарламасын жүзеге асыруға қатысты бірқатар ұсыным әзірледі.

ШЫМКЕНТТЕГІ «КІТАП-AMANAT»



Шымкент қаласында «AMANAT» партиясының хатшысы Шолпан Каримова, қалалық филиал төрағасы Бахадыр Нарымбетов, қалалық филиалдың Атқарушы хатшысы Жанар Бектаева, Miras аймақтық кеңесінің төрағасы, жазушы, публицист Момбек Әбдіәкім және өңірдің зиялы қауым өкілдері, фракция мүшелері мен оқырмандардың қатысуымен «Кітап-AMANAT» орталығының ашылуы өтті.

Мемлекет басшысы Түркістанда өткен ұлттық құрылтайда өскелең ұрпақтың төрбесі мен біліміне, ұлттық мүдделге сай келетін кітаптар басып шығаруға ерекше назар аударған болатын. Ол кітап шығару ісі идеологиялық жұмыстың басты бағыттарының бірі екенін атап өтті. Сондай-ақ Қасым-Жомарт Тоқаев биылғы Жолдауында «Адал азамат» тұжырымдамасының мән-мағынасына терен тоқталды. Осыған орай «AMANAT» партиясы Президенттің бастамаларына демеу болып, өз денгейінде ұлттың зияткерлік дамуына жан-жақты қолдау көрсетуді бастап кетті.

Партия мен «Қазақстан Республикасы баспагерлер, полиграфистер және кітап таратушылар» қауымдастығы арасында өзара ынтымақтастық туралы меморандумға қол қойылып, нақты жоспарлар бекітілді. Міне, енді барлық облыс пен қаладағы, тіпті аудан

орталықтарындағы «AMANAT» партиясы филиалының жанынан жыл соңына дейін қолжетімді бағада түрлі бағыттағы кітаптар сату ісі жолға қойылады.

Шымкентте өткен іс-шарада қоғам қайраткері, қаланың құрметті азаматы Еркін Сатқанбаев партиялық жобаға қолдау білдіріп, өскелең ұрпақты кітап оқуға шақырады.

«Кітап – рухани азық. Рухы мықты адам, рухани көкжиегі кең ұлт қана ұлы мақсаттар жолында ешкімге есесін жібермейді. Біз осы тұрғыда кітап шығару ісін, оны тарату жолдарын, халық арасында кітап оқу мәдениетін арттыру үшін тынбай жұмыс істеуіміз қажет. Халқымызда «Білекті бірді, білімді мыңды жығады» деген сөз бар. Сондықтан кітапты қалқан, қару еткендер ғана рухани азат бола алады», – деді Е.Сатқанбаев.

Жиналған зиялы қауым өкілдері «Кітап-AMANAT» жобасының мән-мағынасына тоқталып, ризашылығын жеткізді.

«Қазір еліміздің аудан орталықтарының біре-бірінде кітап дүкендері жок деген сорақы мәлімет, тәуелсіздік алған соңғы 30 жыл ішінде әбден күйреуге түскен кітап оқу мен кітап тарату ісі денгейінің нақты көрсеткіші болса керек. Осы келесідіктен арылу жолында қайта қолға алынып отырған мұндай ауқымды да игілікті іс-шараға өте қуанып отырмын. Бұл дегеніміз бірреттік қана өткізіліп қоятын нақандық іс-шара емес, халыққа, руха-

ниятқа, әдебиетке, ұлттық идеологияға тікелей қызмет етеді деп сенемін», – деді Момбек Әбдіәкім.

Белгілі журналистер, үкіметтік емес ұйымдардың мүшелері де бұл бастамаға қолдау білдіріп, өз ұсынысын ортаға салды.

«Газет сататын дүңгіршектердің тұрақты жұмыс істемеуі немесе жабылып қалуы салдарынан болып отырған оқылықтардың орнын толтыру мақсатында болашақта қазақ тіліндегі газет-журналдарды да осы дүкендер желісі арқылы сатылымға шығарса деймін», – деді «Қызмет» газетінің бас редакторы Бейсенкүл Нарымбетова.

Іс-шара барысында партия Хатшысы Шолпан Каримова жас оқырмандармен әңгімелесіп, өз ойымен бөлісті.

«Бүгін «Кітап-AMANAT» жобасы аясында алтыншы кітап дүкені ашылып отыр. Жобаның болашағы зор, өміршең болады деген сенімдемін. Кітап оқуды әдетке айналдыру үшін біз осылайша жастарға бағыт-бағдар көрсетіп отыруымыз керек. «Кітап-AMANAT» орталығында түрлі іс-шара ұйымдастырылып, кітап-сүйер қауымның сүйікті мекеніне айналады деп ойлаймын», – деді партия Хатшысы.

Қалалық филиал төрағасы Бахадыр Нарымбетов «Кітап-AMANAT» жобасы отандық әдебиетке деген қызығушылықты арттыруға, адамдарды кітап оқуға ынталандыруға, қазақстандық авторлар мен кітап шығарушыларды қолдауға негізделгенін айтып, барша кітапсүйер қауымды орталықтың ашылуымен құттықтады.

Айта кетейік, партия бастамасымен ашылған кітап орталықтарында тек кітаптар сатылып қоймай, авторлар, баспагерлердің қатысуымен түрлі іс-шара, жаңа басылымдардың тұсаукесерлері мен талқылаулары ұйымдастырылады. Мұндағы кітап сөздерінен оқырмандардың талғамына қарай мынанан астам түрлі жанрдағы еңбектерді табуға болады. Осыған дейін Алматы, Астана қалалары мен Жамбыл, Павлодар, Жетісу облыстарында ашылған кітап дүкендері қазір тұрғындарға қызмет көрсетуде.

«AMANAT»: ӘЙЕЛДЕРДІҢ ҚОҒАМДАҒЫ РӨЛІ ҚАНДАЙ?

«AMANAT» партиясы Шымкент қалалық филиалында мегаполистің қоғамдық-саяси өміріне белсенді қатысып жүрген әйелдер қауымының жиыны өтті. Онда партия хатшысы Шолпан Каримова әйелдер қанаты жұмысының негізгі бағыттарына тоқталды.

«Егемен еліміздің дамуы мен гүлденуіне қыз-келіншектер де лайықты үлес қосып келеді. Бүгінде саясатта, мемлекеттік басқаруда, кәсіпкерлік саласында әйелдердің мүмкіндігі кеңейгенін айта кеткен жөн. Біздің негізгі мақсатымыз – әйел мәртебесін көтеру, олардың ғылым-дағы, қоғамдағы рөлін айқындау, отбасылық және тұрмыстық зорлық-зомбылықтың алдын алуға жәрдемдесу. Сондай-ақ отбасы құндылықтарын дәріптеу, кәсіпкер әйелдерге қолдау көрсету және басқа да бағыттарды қолға алуды көздейміз», – деді партия хатшысы.

Жиын барысында «AMANAT» партиясы Шымкент қалалық филиалының төрағасы Бахадыр

әйелдердің қатары көбейіп келеді», – деді Д.Қо-жамжарова.

Сонымен қатар, жиында партия жанындағы аймақтық экономиканы дамыту және кәсіпкерлікті қолдау кеңесінің мүшесі, қалалық «Атамекен» ұлттық кәсіпкерлер палатасының директоры Сабина Адамбекова, қала әкімдігінің жанындағы Әйелдер істері және отбасылық-демографиялық саясат жөніндегі комиссиясының мүшесі, қалалық «Іскер әйелдер» қауымдастығының құрылтайшысы Жанетта Жазықбаева және партия мүшесі Балмаржан Нарбекова сөз алып, өз ойын ортаға салды.

Қаладағы білім, денсаулық, мәдениет, кәсіпкерлік салалары мен үкіметтік емес ұйымдарда табысты қызмет етіп келе жатқан қыз-келіншектермен, көпбалалы аналармен өткен партия мүшесі пікір алмасуға ұласып, түрлі ұсыныс-тілек айтылды.

«AMANAT» партиясының хатшысы Шолпан Каримова әйелдер қанатының жұмысы аясында бірқатар арнаулы әлеуметтік қызмет көрсету



Нарымбетов әйелдер қауымының қоғамдағы рөлін, олардың әрбір саланы дамыту мен нығайтуға қосқан үлесін айрықша атап өтті. Инклюзивті мәдениет пен гендерлік теңдік қалыптастыру – «AMANAT» басымдықтарының бірі екенін, әйелдің қоғамдағы мәртебесін көтеруде партия жанынан құрылған әйелдер қанатының маңызы зор екенін тоқталды. Ал филиалдың Атқарушы хатшысы Жанар Бектаева жиынға қатысушыларға жобаның мән-мағынасын түсіндіріп, бірлесіп жұмыс істеуге шақырды.

«Отбасы құндылығынан бастау алатын мемлекет мүддесінде де қыз-келіншектердің рөлі ерекше. Қазір әйелдер қауымы қоғамның барлық саласында табысты қызмет атқарып жүр. Шымкент қаласындағы 30 мыңға жуық партия мүшесінің 68,6 пайызы – әйелдер. Біз әрбір әйелдің еңбегі мен арманына құрметпен қарап, бастамаларын қолдауға әзірміз. Ортақ мақсатқа бірге қадам жасаймыз деп сенемін», – деді Ж.Бектаева.

М.Әуезов атындағы Оңтүстік Қазақстан университеті басқарма төрағасы, фракция мүшесі Дария Қожамжарова білім мен ғылымдағы әйел рөліне назар аударып, көптеген дерек келтірді.

«Сонғы 15 жылда дүниежүзінде әйелдер қауымын ғылымға көбірек тарту бағытында көптеген іс атқарылуда. Ресми мәліметтерге сүйенсек, әлем бойынша ғалым әйелдердің үлесі 30 пайызды құрайды. Біздің елімізде де сонғы уақытта ғалым

орталығын аралады. Алдымен «Аялы алақан» №5 арнаулы әлеуметтік қызмет көрсету орталығында болып, қызмет алушылардың жағдайымен танысты. Орталықта психоневрологиялық ауытқуы бар 18 жасқа дейінгі балаларға жартылай стационарлық жағдайда әлеуметтік, тұрмыстық, медициналық, психологиялық, педагогикалық, еңбек, мәдени, және құқықтық қызмет түрлері көрсетіледі. Қазір мұнда 116 бала ем қабылдауда. Дәрігерлер мен әлеуметтік сала қызметкерлері орталықта аптасына 5 күн таңертеннен кешке дейін түрлі емдік орталық шараларын көрсетеді. Ғимарат сондай-ақ ЛФК, монтезори кабинеті, тұз шахтасы және толығымен бейнебақылау камераларымен қамтылған. Балалардың ерекшелігіне сәйкес арнайы спорт алаңшасы да бар.

Келесі кезекте партия хатшысы Шымкент қаласы жұмыспен қамту және әлеуметтік қорғау басқармасына қарасты №3 арнаулы әлеуметтік қызмет көрсету орталығына барды. Дағдарыс орталығында тұрмыстық зорлық-зомбылық көрген және адам саудасының құрбаны болған азаматтарға әлеуметтік қолдау көрсетіледі. Жыл басынан бері мұнда 300-ге жуық адам пана тапқан. Орталықта қызмет алушыларға психологиялық және әлеуметтік еңбек, құқықтық көмек сыйды 8 түрлі әлеуметтік қызмет көрсетіледі. Мамандардың сүйемелдеуімен қысқа мерзімдік оқу курсынан өтіп, әрі қарай жұмыс істеуіне де мүмкіндік жасалған.



ТЕНГЕ ҚАЙТА ТҮЛЕДІ

Ұлттық банк Қазақстан қаржыгерлерінің XI конгресінде ұлттық валюта банкноталарының жаңа сериясын таныстырды. Онда «Сақстилі» элементтеріне негізделген және көшпенділердің бірегей мәдениетінен бастап бүгінгі Қазақстанға дейінгі ел мұрасы бейнеленген.

Жаңа банкноталар сериясы дайын болған кезде айналымға енеді. Ал номиналы 5 000 тенгелік жаңадизайн үлгісіндегі алғашқы банкноталар жылдың соңына дейін қолданысқа түседі.

Ұлттық банк мәлімдегендей, халықаралық тәжірибеге сәйкес, банкноталардың дизайнын жалған ақша жасауға жол бермеу және оның алдын алу үшін жетілдірілген қорғаныш қабілетін енгізу мақсатында кезең-кезеңімен жаратылып отырады. Бұл орайда еліміздің мәдени құндылықтары мен тарихын насихаттау маңызды. «Жаңа банкноталар төлемнің барлық түрі бойынша ел аумағында номиналды құнына қарай қабылдауға жатады. Сондай-ақ Қазақстанның барлық банкі арқылы банктік шоттарға аударуға, айырбастауға және ұсақталуға міндетті», – делінген хабарламада.

ШАРУАҒА ШАҒЫН НЕСИЕ ҚАЖЕТ ПЕ?



Президент Қасым-Жомарт Тоқаев 2022 жылдың желтоқсанында Үкіметке кепілсіз онлайн микрокредитке толық тыйым салынған елдердің тәжірибесін зерттеуді тапсырды. Сонымен қатар Мемлекет басшысы экономиканың бұл саласын неғұрлым қатаң реттеу қажеттігін айтқан. Биыл қазан айынан бастап Қаржы нарығын реттеу және дамыту агенттігінің микрокредиттер нарығына қатысты қаулысы күшіне енді. Құжатта шағын несиелер бойынша сыйақыны есептеу ережелері қайта қаралған.

Кәмила ЕРКІН

«Микрокредит» ұғымы сомасы 50 айлық есептік көрсеткіш деңгейінде, яғни 2023 жылғы есеп бойынша 172 500 теңге болатын несиелерді қамтиды. Оның мерзімі 45 күннен аспауы қажет. Сарапшылардың сөзінше, халық арасында «жалқыға дейін» деген жанама атауға ие болған бұл несие енді одан әрі тиімсіз бола түспек. Себебі бұрын микроқаржы ұйымдары (МҚҰ) келісімшарт мерзімін ұзартқан кезде сыйақы мөлшерлемесін тәулігіне 0,35% деңгейінде бекіте алатын. Жаңа ереже бұл мәнді тәулігіне 0,4%-ға дейін арттырады.

Тәуелсіз сарапшы және Finance.kz Telegram арнасының авторы Андрей Чеботаревтің пікірінше, бұл ел азаматтарының мойнына жүктелген берешектің салмағын айтарлықтай арттыруы мүмкін. «Егер бұл көрсеткіштерді жылдық мөлшерлемеге келтірсек, 103 500 теңгеге дейінгі шағын несиелер бойынша мөлшерлеме 339%, ал 103 500 теңгеден 172 500 теңгеге дейінгі шағын несиелер бойынша 211% болып шығады. Ал несие 45 мерзімі күннен асса, онда МҚҰ мұндай несие бойынша жылына 146 пайыздық мөлшерлеме тағайындай алады. Бұрын ол 128% болатын», – деп есептейді Андрей Чеботарев. Басқаша айтқанда, қарыз алушылардың жүктемесі айтарлықтай артуы мүмкін. Нәтижесінде, проблемалы қарыздардың пайда болу қаупін тудырады.

Сонымен қатар сарапшы қазірдің өзінде азаматтардың 1,1 триллион теңгеден астам шағын несиелер бойынша берешегі бар екенін жеткізді. Салыстырар



ҚР ҰБ және ҚР КНРДА деректері бойынша

болсақ, жылдық банктік несие бойынша максималды мөлшерлеме – 56%, ал МҚҰ үшін – 146%.

Tengeneromika сарапшылары да осындай пікірде. Мамандар мұндай қаржы құралдарын (микронесиелерді) негізінен несие тарихы нашар және банктік қарыздары

бар қазақстандықтар қолданатынын алға тартқан. Хабарламада: «Біздің ойымызша, екінші деңгейлі банктер мен микроқаржы ұйымдарының шекті сыйақы мөлшерлемесіндегі мұндай елеулі айырмашылық одан да жүйелі тәуекелдерді тудырады. Әдетте банктер несие беруден бас тартқан

азаматтар микроқаржы ұйымдарына өтініш беретіні белгілі», – делінген.

Finprom сараптама агенттігінің хабарлауынша, елдегі микрокредиттердің 77 пайызы күмәнді. Мамандар қазақстандық микроқаржы ұйымдарының жартыжылдық есебіне сүйене отырып, МҚҰ берген несиелердің 10%-дан астамы үмітсіз деген қорытындыға келген. Бір жыл бұрын үмітсіз несиелердің үлесі жалпы портфельдің 8,9 пайызына тең болды. Мұндай несиелердің жалпы сомасы 106,4 млрд теңгеге жеткен.

Бұған дейін Қаржы нарығын реттеу және дамыту агенттігінің төрағасы Мәдина Әбілқасымованың шағын несиелеу қызметінің бір түрін шектеуді ұсынған еді. Ол бұл қадамды онлайн несие сегментінің шамадан тыс өсуін тоқтатудың негізгі бағыты деп көрсетті. «Проблемалық несиелер портфеліндегі қарыздың ең жоғары деңгейі қазір онлайн микронесие сегментіне тиесілі. Қыркүйектегі жағдай бойынша мұндай онлайн микрокредиттердің МҚҰ тұтынушылық несие портфеліндегі үлесі 197 млрд теңге болса, қарыз алушылардың саны 1,9 миллионға жетті. Оның ішінде 297 мың адамның 37 млрд теңге сомасындағы несиені проблемалық қарыздарға жатқызып», – деді ол.

Агенттік басшысы мұндай онлайн шағын несиелер қашықтан беріледі. Осы себепті көбіне қарыз алушыны төлем қабілеттілігі егжей-тегжейлі бағаламай-ақ несие тағайындайды. Қабылданған шаралар мен былтыр енгізілген шектеулерге қарамастан онлайн микронесие сегментіндегі тәуекелдер төмендемей тұр. Бүгінде 254 микроқаржы ұйымының 50-і онлайн несие беретін компанияның қатарында.

«Осыған байланысты қазір агенттік 45 күнге дейінгі мерзімге және 50 АЕК-ке дейінгі сомаға шағын несиеден ерекше түрін толығымен алып тастау мәселесін көтерді. Мұндай шағын несиелер үшін бірыңғай жылдық нақты сыйақы мөлшерлемесін белгілеу ұсынылды. Онлайн микрокредиттік компаниялар жұмысын жалғастыра алады, бірақ барлық микроқаржы ұйымы үшін белгіленген бірыңғай мөлшерлеме бойынша кез келген мерзімге шағын несие береді», – деді Мәдина Әбілқасымованы.

Бірақ Қазақстандағы онлайн микроқаржы ұйымдарын біріктіретін FinTech қауымдастығы қаржы реттеушісінің микрокредит беру шарттарын одан әрі қатайту жоспарымен келіспей отыр.

«Микрокредитке мемлекеттік бақылауды күшейту бойынша негізсіз шаралар үлкен алаңдаушылық туғызып отыр. Оны қабылдау барысында тиісті экономикалық талдау жүргізілмеген әрі халықтың әлеуметтік әл-ауқатына кері әсер ететін факторлар ескерусіз қалып отыр. Сондай-ақ жыл сайын өсетін қызметтер мен тауарлар құны да назардан тыс қалған», – делінген қауымдастықтың Президент Әкімшілігінің басшысына жолдаған хатында.

Қауымдастық микроқаржы ұйымдары тек онлайн түрде несие береді деген ақпарат «Ұлттық банктің ресми статистикасына қайшы келеді» деп атап өтті. «2023 жылдың 1 қыркүйегіндегі жағдай бойынша тұтынушылық несиелердің жалпы көлемі 9,364 трлн теңгеге жетті. Ал онлайн микроқаржы ұйымдарының үлесі бар болғаны 138 млрд теңгені құрады. Бұл жеке тұлғалардың барлық несиелік міндеттемесінің 1 пайызынан кем. Тұрғындар қарызының басым бөлігін коммерциялық банктерден алған тұтынушылық несиелер құрайды», – деп атап өтті қауымдастық.

Қауымдастық өкілдерінің айтуынша, соңғы 2 жылда микроқаржы ұйымдарының қызметін реттейтін заңнамаға елуден астам түзетулер енгізілген. Мәселен, 1 қазаннан бастап пайыздық мөлшерлеме бойынша жаңа шектеулер күшіне енді, реттеуші осыған дейінгі өзгерістердің нарыққа әсерін бағамдамастан, жаңа өзгерістер әкелуде.

«Шағын несиелер беруді айтарлықтай шектеу немесе реттеу саясатын қатайту жағдайында өзін-өзі жұмыспен қамтыған азаматтар үшін қолжетімді шағын несиелерді болмауы қысқа мерзімде ұлттық экономика деңгейіндегі салдары болуы мүмкін. Өйткені адамдар балама қаржыландыру көздерін іздеуге мәжбүр болады. Көп жағдайда банктерге жүгіну, әсіресе кәсіпкерлер үшін шағын көп, кейде қолжетімсіз немесе тым баяу процесс. Бұл санаттағы азаматтар «көлекелі нарықтан» қаражат іздеуге мәжбүр болады. Кейде, тіпті заңсыз көрсететін тұлғалардың қызметіне жүгінеді», – деген пікірде.

Қазақстандағы өзен-сулар ағынының орташа жылдық көлемі – 100 текше шақырым мөлшерінде. Дүниежүзілік банк бұл көрсеткіш 2030 жылға қарай 76 текше шақырымға төмендейді деп болжап отыр. Демек, алдағы жеті жыл қатарынан су тапшылығы туындай бермек. Мамандар 2000-жылдары республикадағы су ресурстары 120 текше шақырым болғанын айтады.

Бауыржан БАЗАР

Суға келгенде көрші елдерге күніміз түсіп тұр. Өйткені Қазақстанның трансшекаралық өзендерге тәуелділік коэффициенті 46%-дан жоғары. Бұл – үлкен көрсеткіш. Еліміздегі үлкен өзендер Ертіс пен Іле Қытайдан, Сырдария – Өзбекстаннан, Жайық – Ресейден, Шу мен Талас қырғыз жерінен ағып келеді. Яғни, жоғарыдағы 100 текше шақырым судың жартысына жуық көлемі сырттан жиналады.

СУ – САЯСАТ ҚҰРАЛЫ

БҰҰ 2014 жылғы баяндамасында әлемде соңғы 50 жыл ішінде суға қатысты 507 жанжал тіркеліп, оның 21 әскери қақтығысқа дейін жеткені айтылыпты. Аз оқиға емес, әрине. Дегенмен тіршілік көзі үшін тоқтаусыз таластар жалғаса бермек. Әдетте Африка құрлығында, Таяу шығыстағы қос өзен Тигр мен Ефратқа қатысты егестер іргелес жатқан мемлекеттер арасында жиі туындап жатады. Себебі жер бетіндегі судың 3%-ы ғана тұщы және бұл судың 2/3 бөлігінен астамы қар мен мұздан түзіледі. Жерасты суларына келсек, барлық тұщы судың 31%-ын құрайды екен.

Су тақырыбы соңғы жылдары Орталық Азиядағы бес мемлекеттің бас ауыртар проблемасына айналды. Таулы аймақтардағы мәңгілік мұздықтардың көбесі сөгіліп, көлемі кішіреп бастағалы бұл елдердің арасына алаң кірді. Алдағы отыз жыл ішінде Сырдария мен Әмудария өзендерінен келетін судың көлемі 15%-ға азаяды. Мұндай ұрымтал сәтті қалт жібермейтін сыртқы күштер су саясатына сына қағып, алауыздық тудыра бобаларға да дем бермек болған. Десе де, дәл қазіргі уақыт ондайға ыңғай берер емес. Оның үстіне, бауырлас бес мемлекет түйткілді мәселені бірлесе шешудің тиімділігіне ден қоя бастағандай.

Қазақстан су тапшылығын дипломатиялық жолмен шешудің қамына кірісіп те кетті. Мемлекет басшысы Қасым-Жомарт Тоқаев халыққа арнаған бірнеше Жолдауында жауырды жаба тоқымай, су проблемасын шешуді мемлекеттік саясаттың басым бағыты ретінде белгілеп берді. Қазақстан Президенті былтырдың өзінде Орталық Азиядағы су тапшылығы тақырыбын Орталық Азия мемлекеттері басшыларының IV консультативтік кездесуінде (21 шілде, Шолпан-Ата), ШЫҰ-ға мүше мемлекеттер Президенттерінің басқосуында (16 қыркүйек, Самарқан), БҰҰ Бас Ассамблеясының 77 сессиясында (20 қыркүйек, Нью-Йорк) қозғайды.

Биыл 1 қыркүйекте Президент Жарлығымен Су ресурстары және ирригация министрлігі құрылды. Алдағы уақытта ведомство жанынан Орталық Азия елдерімен, ҚХР және РФ-мен су жөніндегі қарым-қатынас мәселелерімен айналысатын басқармалар құрылмақ.

АЛҒАШҚЫ ҚАДАМ ЖАСАЛДЫ

Қазақстан мен Қырғызстан Жамбыл облысының суармалы жеріне су беру туралы келісімге келді. 14 қарашада Бішкекте өткен келіссөздер қорытындысы бойынша тараптар Талас өзеніндегі «Түйте» каналы арқылы су беруді қалпына келтіру бойынша шешім қабылдады. Қазақстандық тарап су шаруашылығы нысандарының тізбесін кеңейтуді ұсынған. Бірлескен комиссияның келесі отырысы 14 желтоқсанда Алматыда өтпек.

Айта кетейік, Бішкекке бұл жолы министр ретінде барған Нұржан Нұржігітов осы жазда құрғақшылықтан зарлап шеккен Жамбыл облысының әкімі болған. Қырғыздан келетін Талас пен Шу өзендерінде су күрт азайып, биыл облыстағы қант қызылшасы, піяз және басқа да көкөніс түрлері күйіп кетті. Өңірде табиғи сипаттағы төтенше жағдай енгізіліп, құрғақшылықтан келген шығын 3 млрд теңгеден асқаны айтылды. Осылайша, облыс басқарған кезде кеткен кемшілікті министр ретінде түзетудің реті келгендей. «Мұндай жағдайдың қайталануына жол бермеу үшін қырғыз әріптестерімізбен бірге Шу және Талас өзендерінің бассейндерінде келесі вегетациялық кезеңді дұрыс жоспарлау бойынша жұмысты алдын ала жасау өте маңызды», – деді министр Бішкектегі жиында.

Дегенмен биыл судың басында отырған айырқалпақты ағайынның өзі тапшылық көрді. 2023 жылы 9 тамыздағы жағдайға сәйкес, Таластың бойындағы «Кировск» су қоймасындағы су көлемі 32,48 млн шаршы метр құраған. Былтыр бұл көрсеткіш 177,28 млн шаршы метр болғанын ескерсек, ресурс едәуір азайғанын байқауға болады.

СЫРДАРИЯНЫҢ БОЙЫНА СУ ЖҮГРЕДІ

Қазақстан көршілес Өзбекстан, Тәжікстан және Түрікменстан мемлекеттерімен де су жөнінде келісімге келді. Келісімге сай, келесі жылы 1 сәуірге дейін Шардара су қоймасына 11,1 текше шақырым су келіп түсуге тиіс. Ал «Достық» мемлекетаралық каналымен 487 млн текше метр су алмақпыз. Бұл 2024 жылы Түркістан және Қызылорда облыстарында вегетациялық кезеңде қажетті су көлемін жинақтауға, сондай-ақ Арал теңізіне

СӨЙЛЕСЕ БІЛГЕН СУ ІШЕР



1,6 млрд текше метр су жіберуге мүмкіндік береді.

2 қарашада Ташкентте өткен Мемлекетаралық су шаруашылығын үйлестіру комиссиясының 85-ші отырысында ОА елдері Сырдария мен Әмудария өзендерінен су алу лимиті көрсетілген хаттамаларға қол қойды. Келесі отырыс 2024 жылдың басында Қазақстанда өтеді. Белгілі гидротехник ғалым Нариман Қыпшақбаев Орталық Азия мемлекеттері су саясатын сырттан ешкімді араластырмай, өзара шешуге бет бұрғанынан үлкен жаңалық күтуге болатынын айтады. «Сырдария мен Әмудария – өте ертеден келе жатқан өзендер. Ежелгі тарихта бұл екі дария әйгілі қос өзен Тигр мен Эфрат өзенімен қатар айтылады. Мен ана жылы осы төрт ірі өзенге қатысты заңды тауып алдым, осыдан 550 жыл бұрын шыққан заң, 200 баптан тұрады. Демек, бұл өзендердің тіршілік үшін маңызы ертеден-ақ белгілі болған. Оның өзектілігі артапса кеміген жоқ», – дейді ғалым.

ЕРТІС ПЕН ІЛЕ – СУЫ ӨНЕ, МІНЕ...

Шығыстағы алып көршіміз ҚХР Қазақстан арқылы тауарын тоқтаусыз жөнелткенімен, суға келгенде сарандық танытуда. Қытай Ертіс пен Іленің басын буып, судың мол қорын алып қалуға тырысып жатыр. Мәселен, кейбір дерек көздерінде 500 мың гектардан астам жер суару үшін ҚХР Іле өзенінің бассейнінде 40-қа жуық су қоймасын, 250-ден астам су жинау құрылысын жүргізгені айтылады. Кейінгі жылдары Іленің суы азайып, Қап-

шағай мен Балқашқа да әсер ете бастаған. Мамандар Балқашқа Іле өзені арқылы қажетті су келмей қалса, ол да Аралдың көбін киюі әбден мүмкін дейді. Іледен бөлек, Жетісудың өзге де ірілі-ұсақты өзендері көлге құймай қалады. Сондықтан бұл – дабыл қағатын мәселе.

Шығыстан келетін екінші ұлы өзен – Ертіс. Оның Қазақстанға өтер тұсының өзінде, яғни ҚХР аумағында 9 шаршы шақырым су қалыптасады. Ал Қазақстанға қарай өткен соң үлкен-кішілі көздерден 20 шаршы шақырым су жиналады. Алайда Қытайда жиналатын су көлемі негізінен өз ішінде қалып қояды. «Қытайда су қоймасы мен су сақтайтын орын өте көп. Бір ғана «Қара Ертіс – Қарамай» каналы арқылы жылына 2 шаршы шақырымдай су алып отыр. Бұл – үлкен көлем. Ертістің аяғында Ресей отыр, сондықтан бұл мәселені үш мемлекеттің мүддесіне сай шешу қажет. 1992 жылы Хельсинкіді қабылданған Траншекаралық өзен-суларды пайдалану жөніндегі конвенцияға сәйкес, әр мемлекет өз территориясынан өтетін өзен суының 50%-ға дейін пайдалануға құқылы. Біз де осы құжатқа сүйенуіміз қажет», – дейді Нариман Қыпшақбаев.

ҚХР-мен су жөніндегі қатынаста Үкімет те қарап отырған жоқ. Қазір Аққаба және Қарақаба өзендерін бұру жобасын әзірлеп жатыр. Басын таудан алып ағатын бұл асау өзендер Марқакөлдің шығысындағы шекараны бойлай ағып, Қытай жеріндегі Қара Ертіске құяды. Яғни, басы бізде, аяғы көршіше жатқан су көздері. Аталған жоба бойынша осы өзендердің суы тоннел арқылы бері бұрылмақ.

Жобаның құны – 1 млрд доллар. Нәтижелі жүзеге асса, бұл да дөтке қуат. Неге десеніз, Ертістің бойында Өскемен, Семей, Павлодар қалалары тұр. Үкіметтің Ертістен Қарағандыға су жеткізіп тұрған Сәтбаев каналы арқылы Астанаға су алатын да жоспары бар. Яғни, ауыл-аймақтағы халықты қоса алғанда, төрт миллион қазақстандық ішіп, пайдаланады.

«ЖАЙЫҚ ДЕГЕН ЖАНДЫ СУ»

Кейінгі бірнеше жыл қатарынан Жайық өзенінде де су тартылып барады. Ақжайықтың суы азайғалы Каспийдің жағасынан су қашты. Ресейден келетін бұл өзеннің де басы буылған. РФ «Ири-Клинск» су қоймасы арқылы Жайықтың мол суын ұстап қалып отыр. Орынбор облысындағы су қоймасына 3,3 шаршы шақырым су жиналады екен. Әдетте судың басында отырған мемлекеттер ресурсын бұлдайды. Десе де, Қазақстан социальды «су аяғы – құрдым» дейтіндей құрғап отырған ел емес. Біздің елдің аумағынан шығып көршіге баратын да өзен-сулар жетерлік. Мысалы, Ертіс, Есіл және Тобылдан Ресей шекарасына жыл сайын 36 шақырым текше су барады. Ал Жайықтан келетін су көлемі – 8 шақырым текше. Парламент Мәжілісінің депутаты, «AMANAT» партиясы фракциясының мүшесі Дүйсенбай Тұрғанов қазір Жайық өзенін ерекше мемлекеттік маңызы бар су объектілерінің қатарына қосу, кеме жүретін су жолдарында терендету жұмыстарын жүргізу сынды өзіміздің қолда тұрған мәселелер шешімін таппай отыр. «Біз Жайық өзеніне қатысты Үкімет шеше алатын мәселелерді бірнеше мәрте көтердік. Бүгінде өзеннің сағасы бітеліп қалғандықтан, балық шаруашылығы субъектілері қиындықтарға тап болуда. Оны тазалап, аршуды шешуге болады ғой. Сонымен қатар Жайық өзенін ерекше мемлекеттік маңызы бар су объектілерінің қатарына қосу қажет, өйткені ол қоршаған орта мен өңір экономикасына басым әсер етеді», – дейді депутат.

Сырттан келетін су мәселесі шешілгенімен, ел ішіндегі жүйелі проблемалар да жетерлік. Ол – суды үнемсіз пайдаланып, ысырап қылу. Президент биылғы Жолдауында «Суды үнемдейтін технологияларды енгізу процесі өте баяу жүріп жатқанын айтып сынады. Қазіргі сәтте Су ресурстары және ирригация министрлігі Түркістан және Қызылорда облыстарында Сырдария өзеніндегі суды есепке алу жүйелерін автоматтандыру жоспарын әзірлеп жатыр. Кейін ақпараттық ситуациялық орталық базасында бірыңғай диспетчерлік пункт жасакталмақ. Биыл 41 гидротехникалық құрылыс реконструкциядан өтті. Шардара су қоймасында қайта қалпына келтіру жұмыстары жүргізілуде. «Аталған іс-шаралар еліміздің су ресурстарын үнемдеп, тиімді басқару жұмыстарының бастамасы ғана», – деп атап көрсеткен министрлік мәлімдемесінде.



Жұлдыз СҮЛЕЙМЕНОВА,
Мәжіліс депутаты,
«АМАНАТ» партиясы фракциясының мүшесі:

ЗАҢ МЕН ТАЛАП — ИДЕОЛОГИЯ ТЕМІРҚАЗЫҒЫ

(Басы 1-бетте)

Ал балаларға қатысты айтатын болсақ, біріншіден, балаларды жолаушылар көлігінен мәжбүрлеп түсіруге тыйым салу, екіншіден, көпқабатты үйлерде арнайы құлпы бар терезе орнатуды міндеттеу. Бұл балалардың терезеден құлап кетуіне жол бермеу үшін қажет. Үшіншіден, педофилия үшін өмір бойына бас бостандығынан айыру. Басқа баламалы жазаны қабылдамау. Төртіншіден, бұған дейін педофилия үшін сотталған және өкінішке қарай, бостандыққа шығатындар үшін соттылығы жойылғанына қарамастан өмір бойына әкімшілік қадағалауды енгізу ұсынылады, осылайша олар үнемі құқық қорғау органдарының бақылауында болады. Бесіншіден, балаларға, ересектерге арналған барлық жабық интернаттық мекемелерге (балалар үйлері, мүмкіндігі шектеулі балаларға арналған интернаттар, қарттар үйлері және т.б.) күтпеген тексеру жүргізу нормасын енгізу. Алтыншыдан, қылмыстың алдын алу үшін оналту немесе басқа да осыған ұқсас профилактикалық іс-шараларды жүргізу үшін қолайсыз әлеуметтік ортадағы және арнаулы әлеуметтік қызметтерге мұқтаж адамдарды ерте анықтау шаралары ұсынылды.

— Әйелдер мен балаларды нақты қорғайтын заң жобасына қажетгі қорытынды түсініксіз себептермен әлі Мәжіліске енген жоқ деп айттыңыз. Себебін біле аламыз ба?
— Үкімет бұл ұсыныстарды қолдауы қажет. Заң мен тәртіп қағидаты Қазақстан қоғамының идеологиялық және саяси темірқазығына айналуда тиіс.

— Заң жобасы қабылданған жағдайда әйелдерді қолдау, оларға қол ұшын беру, заңның сапалы орындалуы секілді мәселелер қалай жүзеге аспақ?
— Заң жобасы қабылданған жағдайда оларға қол ұшын беру жоғарыда айтқан нормалар негізінде, алдымен — құқықтық мәдениет қалыптастыру, сонымен қатар әйелдің жәбірленуіне, балалар құқығының бұзылуына соқтырмайтындай қоғамның құқықбұзушылыққа төзімсіздігін қалыптастыру басты мақсат болып отыр. Сол кезде ғана қоғам қандай да бір мәселені ашық айтуға дағдыланады. Егер қоғамда құқықтық заңбұзушылыққа, адамның құқығын таптауға, жәбірлеуге төзбеушілік сияқты құқықтық мәдениет қалыптасатын болса, біз өз талаптарымызды жүзеге асыра аламыз. «Эберт» қорының және тағы да басқа үкіметтік емес ұйымдардың зерттеулерін көрдім. Отбасылық тұрмыстық зорлық-зомбылықтың сотқа дейін жеткен арыз-шағым 40 пайызға ғана қамтиды. Сол сотқа жеткен арыз-шағымдарға сәйкес жазаланушылардың 39 пайызына жүктелген әкімшілік жаза өте жеңіл.

Біз ұрып-соғуды да Қылмыстық кодекске енгізуді ұсындық. Бұл заң қабылданғаннан кейін оның орындалуы қадағалауымыз керек. Жалпы қоғамда резонанстық оқиғалар болғаннан кейін қоғамның мәдениетін күшейтуіміз қажет. Жергілікті атқарушы билік органның және мемлекеттік орталық органның құзыреттілігін заң арқылы қарастырып отырмыз. Мұның барлығы мәселені кешенді түрде шешуге мүмкіндік береді. Тағы бір үлкен мәселе — әйелді ұрғаннан кейін, яғни анасы таяқ жегенін көрген балаға қатысты құқықтық статус белгіленбеген және оған психологиялық көмек көрсету, реабилитациялық бағдарлама да әзірленбеген. Біз ұсынып отырған заң жобасында бұл мәселе қарастырылған. Жергілікті атқарушы билік органдарынан бөлек, мектептегі психологтардың жұмысын жетілдіру бәрі кешенді қарастырылғаннан кейін әйелдің өзі де көмек сұрай алады. Мұндағы бірінші мәселе — арызданып-шағымданғаннан кейін оны аяғына дейін шешу, екіншіден, көмек алуға толық қол жеткізу маңызды.

— Ал әйелдердің «ұят болады» немесе «не өзгереді» деген салғырттығынан көп мәселе сотқа жетпейтіні белгілі. Осы тұрғыда қандай шешімдер қабылдау керек? Әйелдердің өзіне жасалған әлім-жеттіктің қылмыс екенін түсінуі, жасырмауы үшін не істеу керек деп ойлайсыз?
— Әрине, құқықтық сауаттылық, құқықтық мәдениет оның ішінде адамның қадір-қасиетін құрметтейтін қоғамдық сана қалыптастыру және жастардың арасында құндылыққа негізделген білім беру, тәрбие беру, моральдық ұстанымны білеті, бұзақылыққа қарсы, заң үстемдігіне бойынған сияқты түсінік болуы керек. Мұның бәрі кешенді түрде жасалатын жұмыс. Заңды қатандату және қатандатылған заңның орындалуын қадағалау өзекті. Сондықтан бұл — тағдырлы мәселе. Алаш зиялыларының казак әйелінің ауыр тағдырын шешуіге ұмтылған өсиетіне көңіл бөлуіміз және мектептен бастап қыздарымызды ағартушылыққа, білімге үндеуіміз қажет.

Біз ұсынған заңға қатысты пікірталас көп болады деп ойлаймын. Үкімет мүшелерінің арасында, қоғамда әртүрлі пікірлер, әртүрлі позициялар болуы мүмкін. Бірақ осыдан 100 жыл бұрын Алаш саяси элитасы да осы проблемаларға көңіл аударғанын ұмытпағанымыз жөн. Бұл — бүгінгі ер азаматтарымызға, әйелдерімізге тарихи тұрғыдан сабақ. Бүгінгі билік басындағы үкімет мүшелері де өздерінің позициясын білдіру арқылы азаматтық өресін танытады деген ой-дамды. Бұл мәселеде ешкім бейжай қалмауы керек.

— Әңгіменіңізге рақмет!
Сұхбаттасқан
Тілегүл ЕСДӨУЛЕТ

«ЖҮГЕРІ ЖЫРЫ» ТАҒЫ ДА ҚАЙТАЛАНДЫ

Жетісудағы төл дақылдардың бірі – жүгері. Әсіресе, Жаркент өңірін облыстағы, одан әрі республикадағы «дала аруының» кіші отаны деуге болады. Заманында екі мәрте Еңбек ері атанған Николай Головацкийдің кеудесіне қос «Алтын жұлдыздың» осы жүгерінің арқасында тағылғанын да жергілікті жұрт жақсы біледі. Осы саланың жілігін шағып, майын ішкендердің кейбіреуі ол кездері көрсеткіш қуаңыз деп жүріп, аймақтағы небір құнарлы жердің обалына қалдық, тыңайтқыштармен өбден ұланды дегенді де айтады. Қалай болса да, жүгері – әлі күнге тұтас облыстағы, ал Жаркент өңіріндегі басты әрі пайдалы дақылдардың бірі. Облыстағы дәнді масақты дақылдардан кейінгі орындардың бірін осы «дала аруы» алатын болса, қант қызылшасы да егістіктегі еселі еңбекке елеулі үлес қосады. Бір өкінішті, ерте көктемде өткен жылдардағы сәтсіздіктерден секемденіп, олдағы күзге күмәндана қараса да, жақсылықтан үміттенетін және осы саланың басы-қасында жүргендердің жаудыратын уәделеріне кезекті рет мадданатын дихандар: жүгерішілер мен қызылшашылар жыл сайын күзде өнім өткізуде көлденеңдейтін түрлі түсінбестік пен кедергі кесірінен таусылып бітпес дау-дамайға тап болады. Алты ай бойы төккен тері өтеуінің жартымсыз болып қалатынына қынжылады. Берілген уәделердің сырықұймышақтанып кетуі, қолдаудың құр сөз екендігін айтып, дабыл қағады.



Бір қуанарлығы, биыл өңірдегі бірнеше ауданның ырыздығына айналдып отырған қант қызылшасына қатысты ешқандай шектен шыққан жағдай тіркелсе қойған жоқ. Азды-көпті түсінбестіктер түйіні де ретімен шешілгендей болды. Оның есесіне «жүгерінің кіші отаны» болып саналатын Жаркент аймағының жүгерішілері ала жаздай төккен табан ет, мандай терінің арқасында жиналып, алты ай қысқа азықты қамдауға себі тиеді деп отырған алтын дәннің бағасы тым төмендеп кеткеніне алаңдаулы. Әзірге өсімдік шаруашылығының барлық саласы бойынша берекелі болып тұрған биылғы күздің күрмеуі келіспей тұрған тұсы да осы жүгеріге қатысты.

Көктемгі ауа райының қолайсыздығына байланысты егін жайырақ егіліп, соған сай орақ мерзімі де біраз кешікті. Өзін ақтайтыны және ақтамайтыны бар түрлі себеп салдарынан мольнан жиналған жүгеріні өткізу ісі тым күрделеніп кетті. Күз күшіне еніп, қыс жақындағанда ауа райы да күніне қырық құбылып, жауын-шашын жилеп, қызу мол күндер де азаяды. Қырмандағы тау-тау болып жатқан баданадай-баданадай дәнді кептіру оңай болмай тұр. Жаркенттегі зауыт ылғал өнімнің бағасын әлеттегідей көп арзанға алады. Оның үстіне биылғы баға бытырғыдан көп төмен, келісі 80 тенгеден аспай тұр. Егер алтын дәннің сатып алу құны осы калпында қалса, жаркенттік жүгерішілер кірісті қойып, осы қырау өнімді өсіруге жұмсалған шығынды да жаба алмайды.

Жоғарыда айтқанымыздай, биыл егін, оның ішінде жүгері кеш пісті. Қазанда орақ басталғанда, барлық шаруашылық жаппай кіріспек еді, аудандағы техника тапшылығы қолбайлау болды. Шаруаларға ұзынсонар кезекке тұруға тура келді. Оны айтасыз, алғашқы орақтан соң қырманға толған сары алтындай дән үйкемтерін өткізуге келгенде, бағаның тым арзандығы алға басқан қадамды кері итерді. Қыраулы қараша келгелі де біраз болды. Бағаға қатысты мәселенің түйіні әлі тарқаған жоқ.

«Жүгері піскенде жаппай жинауға техника таппай қиналды. Күн райы құбылып, қырмандағы дәнді дұрыс кептіре алмай әуреде түстік. Көбіміз жерді жалға алып екендіктен, қолымызда арнайы техника жоқ. Ірі қожалықтарда егінді кептіретін құрылыс болады, оны алу да қосымша шығынды қажет етеді. Осылардың үстіне биылғы бағаның төмендігі қосылып, өбден сансыратты. Көктемнен бері жұмсаған қаржыны ақтай алмаймыз-ау деп уайымдап отырмыз. Былтыр баға жақсы болып еді,

биыл бәрі қымбаттағанда, жүгерінікі арзандап кеткені түсініксіз», — дейді жергілікті тұрғын Халел Әлімұлы.

Ауданнан алынған мәлімет бойынша, науқандық жұмысқа жалпы 90-ға жуық жүгері оратын комбайн қатысуда. Алайда осылардың жартысына жуығы ғана алқаптан дәнді бірден уатып жинайтын әмбебап комбайн да, қалғаны бұрыннан қалған ескі техника. Сонымен бірге 600-ден астам трактор, мыңнан астам тіркеме пайдаланылуда. Егіншілер техниканы біртіндеп жанартып жатқанымен, биыл 925,2 млн теңгеге сатып алынған 62 техника жыртыққа жамау бола алар емес. Соның кесірінен техника кезегін апталап күтуге тура келеді.

Кезінде жаркенттіктер күзде жинаған жүгеріні алысқа арбамай, іргеден тұрған кәсіпорынға өткізетін болды деп, уралап жүріп ашылған «Крахмал-сірне» зауыты жыл сайын бір жаңалық шығарады. Биыл уатылған дәннің 15 пайыз ылғалдылықпен 80 тенгеден алмақ. Ал ылғалдылық жоғарылаған сайын баға да төмендей бермек. Былтыр баға 120 тенге болған еді. Соның өзінде шығындарын актамағандықтан, кейбір шаруалар өнімдерін көктемде саппақсыз болып, қоймаларда сақтағаннан тұтынушы таппай бармақ тістеп қалған еді. Биылғы жағдай одан да сорақы болатын сияқты. Шаруа әр тоннаны 80 мыңға өткізгеннің өзінде егін егіп, өсіруге жұмсаған шығын жаба алмайды. Сондықтан егіншілер қазір собықты жүгері өнімінің килосын 50-60 тенгеден қырмандардан сатуға кіріскен. Бағаның төмендеуіне қатысты түрлі сылтау айтылғанымен, мұның түп-төркінінде Ресейден біздің елге бидай мен жүгерінің көптеп кіргізіліп жатқанында сияқты. Кеше ғана ауданмен хабарластық, баға сол 80 мыңнан өзгермеген. Ал собықты жүгерінікі тоннасына 40 мың теңгеден дейін түсіп кетті. Шаруалар бағада өзгеріс болып қалар деп, орақты әлі саябырсытып отырмай көрінеді. Өйткені оған өнімді қырманда сақтап, кептіру де қаржыны қажет етеді және оны одан соң өткізу де оңай емес.

Дегенмен аудандағы әлеуеті мықты үлкен қожалықтардың жағдайы жаман емес. Өйткені олардың техникасы сайлы, қоржыны майлы. Соның арқасында озық технологиялар пайдаланады. Ауа райының құбылмалығынан да қорықпайды. Сондай көңілі ток шаруашылықтардың бірі «Айгерім» шаруа қожалығы егіс алқабына тамшылатып суару технологиясын енгізудің нәтижесінде, жүгерінің өнімділігін екі есе арттырған. Тіпті, екі жылдың ішінде 156 гектар жер-

ге ылғал сақтау технологиясын енгізіп, оған жалпы сомасы 270 млн теңге инвестиция құйған. Бұған дейін жүгерінің әр гектарынан 70 центнерден өнім жинаса, тамшылатып суаруды қолданудың нәтижесінде, әр гектарына 150 центнерге дейін өнім алып отыр. Сондықтан мұртын балта шаппайды.

«Шаруашылықта мал азығына және тұқымға арналған жүгері түрлерін, сол сияқты попкорн жүгерісін өсіреміз. Жүгері өсіруге ылғалды сақтау технологиясын енгізудің маңызы зор. Осы ретте 2022 жылы алдымен 55 гектарға тамшылатып суару жүйесін енгізіп, әр гектарынан 150 центнерге дейін өнім жинадық. Биыл тағы 101 гектарға осындай құрылыстар қойдық. Бұл ретте су үнемдеу технологиясын орнатуға жұмсалған шығынның бір бөлігі мемлекеттен субсидияланатыны едәуір көмек. Қазір күзгі жиын-терім науқаны қызу жүріп жатыр. Өнімділікті бытырғыша жамау болады деп жоспарлап отырмыз», — дейді шаруа қожалығының басшысы Ұлан Сарпеков.

Қалай болғанда да, Жаркент өңірінде жүгеріні кептіру, сақтау және өткізу мәселесі жылдар бойы өзекті болып келеді. Бұдан бірнеше жыл бұрын жағдай тым шектен шығып, асқынды кеткенде, сол кездегі облыс басшылығының қолдауымен шаруалардың өтінішіне орай Пенжин ауылында жүгеріге арналған 2 қырман салынған. Екеуі де жұмыс істеп тұр. Бірінші қырманда бір ауысымда 1 200 тонна, ал екінші қырманда бір ауысымда 1 500 тонна дән кептіріледі. Сол сияқты «Оразбаев Б.З.» шаруа қожалығы өткен жылы тәулігіне 800 тонна дән кепіретін, сыйымдылығы 10 мың тонналық жүгері кептіру және сақтау зауытын іске қосқан. Бұл қоймада 2022 жылы 5 мың тоннаға жуық жүгері дән сақталған. Биыл да жұмыс қарқыны одан кем болмайды деп отыр.

Аудан әкімі Марат Сағынбектің айтуынша, ауданда 4 мыңға жуық шаруашылық жүгері өсіреді және өнімдерін негізінен Жаркент крахмал-сірне зауытына тапсырады. «Әлімдік нарықтағы бағаларға сәйкес бүгінгі күні жүгерінің келісі ылғалдылық деңгейіне қарай 70-80 тенгеден арасында бағаланады. Бұл өткен жылғы құнынан едәуір төмен. Сондықтан біз қазір жүгеріні белгілі бір көлемде Қытай нарығына да лайықты бағада өткізу туралы келісімдер жасауды ойластырудамыз», — деген аудан жүгері өсірушілерге зауытқа өткізген өнімінің әр тоннасына 6 мың теңгеден субсидия берілетінін де атап айтты кетті.

Биыл Жетісу облысы бойынша 56,99 мың гектарға жүгері себілген. Мұндағы Панфилов ауданының үлесі — 47 пайызды немесе 26,7 мың гектарды құрайды. Әзірге жетісұлық шаруалар осы көлемнің 46,6 мың гектары немесе 81,7 пайызын жинап алған. Жаркенттіктер 19,973 мың гектарын немесе 74,8 пайыз орып алыпты. Облыс көлемінде жүгерінің орташа түсімі 64,2 центнер болса, Панфилов ауданында 65,8 центнерден айналып отыр. Аудан бойынша 180 мың тонна жүгері жиналады деген болжам бар. Ендігі мақсат — мол өнімді дұрыстап ұқсату және шаруалар мен қайта өңдеушілер арасындағы түсінбестіктің түйінін тарқату.

Болат АБАҒАН,
Жетісу облысы

«Тілдік аудармалар» қызметтерін сатып алу бойынша ашық тендерді өткізу туралы хабарландыру

«Азиялық Газқұбыры» ЖШС «Тілдік аудармалар» қызметтерін сатып алу бойынша ашық тендер өткізетіндігі туралы жариялайды. (Лот саны — 5, жалпы сомасы 9 152 761,10 теңге, КҚС-сыз).

Сатып алынатын қызмет тізбесі мен олардың егжей-тегжейлі ерекшеліктері тендерлік құжаттамада көрсетілген.

Тендерлік құжаттаманың көшірмелерін 050062, Қазақстан Республикасы, Алматы қаласы, Абай даңғылы 109 «В», 604-қаб. Мекенжайынан, 09:00-ден 13:00-ге дейін және 14:30-дан 18:30-ға дейін алуға болады.

Тендерлік құжаттаманың көшірмесін алу үшін әлеуетті жеткізіп берушінің өкілінде сенімхаттың түпнұсқасы және жеке басын куәландыратын құжаттың көшірмесі болуы қажет.

Конверттерге салынған тендерге қатысуға арналған өтінімдерді әлеуетті жеткізіп берушілер «Азиялық Газқұбыры» ЖШС, 050062, Қазақстан Республикасы, Алматы қаласы, Абай даңғылы 109 «В», 604-қаб. мекенжайына ұсынады (жібереді).

Тендерге қатысуға өтінімдерді ұсынуның соңғы мерзімі 2023 жылғы 01 желтоқсанда, сағ. 10:00-ге дейін.

Тендерге қатысуға арналған өтінімдер салынған конверттер 2023 жылғы 01 желтоқсанда, сағ. 11:00-де мына мекенжайда ашылатын болады: 050062, Қазақстан Республикасы, Алматы қаласы, Абай даңғылы 109 «В», 605-конференц залы.

Қосымша ақпарат пен анықтаманы мына телефон арқылы алуға болады: +7 (727) 393-01-50.

Объявление о проведении закупки услуг «Языковые переводы» способом открытого тендера

ТОО «Азиатский Газопровод» объявляет о проведении открытого тендера по закупке услуг «Языковые переводы». (Количество лотов – 5, на общую сумму 9 152 761,10 без учета НДС).

Перечень закупаемых услуг и их подробная спецификация указаны в тендерной документации. Копию тендерной документации можно получить по адресу: 050062, Республика Казахстан, г. Алматы, пр. Абая 109 «В», каб. 604, с 09:00 – 13.00 ч. и с 14.30 – 18.30 ч.

Для получения копии тендерной документации необходимо наличие у представителя потенциального поставщика оригинала доверенности и копии документа, удостоверяющего личность.

Тендерные заявки на участие в тендере, запечатанные в конверты, представляются (направляются) потенциальными поставщиками в ТОО «Азиатский Газопровод» 050062, Республика Казахстан, г. Алматы, пр. Абая 109 «В», каб. 604.

Окончательный срок предоставления заявок на участие в тендере до 10:00 часов 01 декабря 2023 года.

Конверты с заявками на участие в тендере будут вскрываться в 11 часов 00 минут 01 декабря 2023 года по следующему адресу: 050062, Республика Казахстан, г. Алматы, пр. Абая 109 «В», в конференц-зале 605.

Дополнительную информацию и справку можно получить по телефону: +7 (727) 393-01-50.

АЛАЯҚТЫҚ АУЫЛҒА ЖЕТТІ

Қыркүйек айының алғашқы күндері Қасым-Жомарт Тоқаевтың төрағалығымен Қауіпсіздік Кеңесінің отырысы өткен-ді. Онда Мемлекет басшысы халық арасында құмар ойынға құмартқандар көбейгенін айтқан еді. «Соңғы жылдары елімізде құмар ойынға тәуелділік белең алып барады. Кейбір отбасылар үшін бұл үлкен қасіретке айналды» деп атап өткен Президент, осы жаман әдетке әсіресе жастар әуес екеніне назар аударды, мемлекеттік органдарға азаматтардың жекелеген санаттары үшін құмар ойындарға қатысты шектеулерді күшейтуді тапсырған.

Осы мәселе Мәжілістегі «AMANAT» фракциясының кеңейтілген жиынында да талқыланды. Жиында партияның ойын бизнесі, букмекерлік кеңселер мен лотерея қызметтері бойынша заң жобасын дайындауға бастамашы болып отырғаны сөз болды. Дайындалған заң жобасы бекітілуге тиіс.

Бүгінде 350 мыңнан астам қазақстандық азамат осындай ойындарға тәуелді. Елімізде құмар ойындардың салдарынан дертке шалдыққан 10 отбасының шамамен жетеуінің шаңырағы шайқалып жатыр. Бүгінгі күннің күйіп тұрған мәселесін айтып, қазір еліміздің барлық аймағында дабыл қағылып жатыр.

Жастар мен балалар арасында интернетке тәуелділік пен құмар ойындардың алдын алу шаралары жүрде. Мәселен, Түркістан облысында тұратын 2,1 млн тұрғынның 14-35 жас аралығындағы жастар саны 654 353 жеткен. Яғни, халық санының 30 пайызы.

Түркістан облысының Экономикалық тергеп-тексеру департаменті бірінші жедел басқармасының басшысы Диас Тобатаев онай жолмен ақша тауып, бәс тігіп, құмар ойынға құныққан жастар саны көбейіп жатқанын айтады. «Қоғам дертіне айналған лудомания — бүгін өзекті тақырыпқа айналды. Түркістан облысы бойынша Экономикалық тергеп-тексеру департаменті тарапынан заңсыз ойын бизнесі бағыты бойынша бірқатар жұмыс атқарылды. Қазір Түркістан облысында ҚР ҚК 307-бабы (Заңсыз ойын бизнесін ұйымдастыру) бойынша 20 қылмыстық іс тіркелген (3-бөлігімен — 1 іс, 2-бөлігімен — 3 іс, және 1-бөлігімен — 16 іс). Сонымен қатар заңсыз ойын бизнесі интернет желісі арқылы күннен күнге дамып келе жатыр. Заңсыз сайттарды бұғаттау мақсатында «Кибернадзор» жүйелік базасын пайдаланып, тұрақты түрде талдау жүргізіп жатырмыз. Жыл басынан бері өңірде 483 заңсыз интернет сайттары жабылды», — дейді Диас Шолпанбекұлы.

Шұғыл іздестіру іс-шараларын жүргізу барысында өңірде заңсыз ойын бизнесін ұйымдастырғандардан бірнеше теледидар, жүйелік блок, монитор, моноблоктар, чек сканерлері мен принтерлері, интернет модемі мен ойын терминалдары тәркіленген. Осылайша, «Стоп игра» жедел профилактикалық іс-шарасының аясында заңсыз ойын бизнесіне бұрын-соңды ғимараттарды жалға берген тұлғаларға түсін-

дірме жұмысы жүргізіліп, ескерту парактары ұсынылды.

Қоғам дертіне айналған осынау мәселеге Полиция департаменті де қазір ерекше ден қойыпты. Түркістан облысы Полиция департаменті жергілікті Полиция қызметі басқармасының бастығы Асылхан Төреханов халық арасында күдік туғызатын инвестициялық салымдар, қаржы пирамидалары және құмар ойындардың алдын алу бойынша қоғаммен бірлесіп алдын алу шараларын жүргізіп жатқанын атап өтті. Әлеуметтік желілер мен БАҚ құралдарында бұл тақырып төңірегінде бірқатар материал жарияланды. Өңірдің бірқатар ауданында жастар арасында агрессия, зорлық-зомбылық, құмар ойындар және бейәлеуметтік көріністер, буллинг пен кибербуллинг, жат қылықтар, құмар ойындардың алдын алу, жастардың ата-анамен қарым-қатынасы, девиантты мінез-құлқтың алдын алу бойынша түсіндірме жұмыстары барысында оқушылардан аноним сауалдар алынды. Аталған сауалнама қорытындысында қазір жастардың тәуелділік (лудомания) пен ойынқұмарлық дертіне шалдығуының себептерін биологиялық, психологиялық, қоршаған орта, әлеуметтік және рухани жағдайларға байланысты екендігі көрсетілген.

Сонымен қатар облыстық «Жастар Рухы» жастар қанаты тарапынан да белсенді жұмыстар байқалады. Жақында «AMANAT» партиясы Түркістан облыстық филиалы жанындағы «Жастарды қолдау» жөніндегі кеңесте де осы жайт қызу талқыланды. Кеңес төрағасы, облыстық мәслихаттың төрағасы Ханай Өшірбеков елімізде ойынқұмарлықтың дабыл қағатын жағдайға жеткенін жеткізді. Бастапқыда білместікпен басын тыққан бұл құмар ойының соны тәуелділікке жеткізіп, талай отбасының шырқын бұзып отырғаны, мұнымен қоғам болып күресуіміз қажеттігі сөз болды.

Жоғарыда айтып өткеніміздей, егер заң жобасы бекітілсе, жарнамаға шектеулер қойылып, тыйым салынады. Олардың елімізде заңсыз импорты тоқтатылып, алимент, салық және несие бойынша борышкерлер тізілімінде тұрған жеке тұлғалардың құмар ойын ойнауына тыйым салынатын болады.

Назгул НАЗАРБЕК,
Түркістан облысы



ЖАРЫМЖАН ЖАНДАРҒА ЖАЙЛЫ ӨМІР

Елімізде мүмкіндігі шектеулі жандардың жұмыс істеуіне мүмкіндік көп. Бүгінде қоғам мүгедектігі бар жандарды өзгелермен тең дәрежеде, өзін қоршаған ортада еркін өмір сүруіне қажетті жағдай жасауға мейлінше тырысып жатыр. Олардың сапалы жұмыспен қамтылуына Астана қаласында да айрықша басымдық беріліп келеді.

Астана қаласы «Мансап» орталығының басшысы Бағиала Сайлаубекқызының айтуынша, қазір халықтың әлеуметтік осал топтарын жұмыспен қамту және қоғамдық өмірге тарту бағытында атқарылып жатқан жұмыстар аз емес. Еңбек және халықты әлеуметтік қорғау министрлігі Астана қаласының Жұмыспен қамту және әлеуметтік қорғау комитетінің деректері бойынша Астана қаласында еңбекке қабілетті жастағы мүгедектігі бар 11 860 адам тіркелген. «Биылғы жылдың басынан бері 1 951 мүгедек Халықты жұмыспен қамту орталығының көмегіне жүгінді. 1 254 адам жұмысқа орналасты. Оның ішінде 261 адам тұрақты жұмысқа тұрса, қоғамдық жұмыстарға — 332 адам, «Жастар тәжірибесі» арқылы — 31 адам, әлеуметтік жұмыс орындарына — 8 адам және алғашқы жұмыс орны бойынша 10 адам жұмыс істейді», — деді Б.Сайлаубекқызы.

Астанада мүмкіндігі шектеулі жандарды жұмысқа дайындайтын орталықтар бар. Соның бірі — «Dos» Тәуелсіз өмір» орталығы мүгедектігі бар жандарға білім берумен қатар оларды жұмыспен де қамтиды. 2006 жылы ашылған орталық ерекше қажеттілігі бар жандардың белсенді өмір салтына оралуына және өз күш-жігеріне сенім ұялатуға жан-жақты қолдау білдіріп келеді. Тағдыр талқанына түскен жандарға бағыт-бағдар берген дұрыс. Бұл туралы «Dos» Тәуелсіз өмір» орталығының директоры Ардақ Отарбаев алдымен олар қоғамда өзін-өзі ұстауды үйрену керегін айтты.

— Қазір мүгедектігі бар адамдардың көбі үйден шықпай, көпшілікпен араласа алмайды. Біз сондай жандармен жұмыс істейміз. Көп жағдайда топпен барып, жалғыздыққа үйренген ерекше жандарды қоғамға бейімдейміз. Арбаға танылғандар өзін қо-

ғамнан тыс қалдық деп санап, жұмыс істеу мен білім алу маңызды емес деп ойлайды. Олар тіпті жоғары білімі болса да, жұмысқа қабылдамайды деп өзін шектейді. Біздің ортамызға келіп жұмыс істей алатынын, білім барлық адамға қолжетімді екенін ұғады. Мұндай ойлармен шектелмес үшін біз Dos ortopedia ұйымын құрдық. Ұйымда 21 мүгедектігі бар қызметкер бар. Олардың 19-ы — арбаға танылғандар. Бұлар орталық ашылғаннан бері жұмыс бабында, — деді ол.

Орталықта мүгедектігі бар адамдардың эмоционалды, әлеуметтік, физикалық және интеллектуалдық әлеуетін дамыту және жұмысқа орналастыруға жәрдемдесу шаралары жүйелі түрде жүргізіліп жатыр. Ұйым басшысының айтуынша, қазір орталықта мүгедектігі бар адамдар да өздеріне қажетті жұмыспен айналысады.

Біріншіден, Dos-Art бөлімінде өнерпаздардың бойындағы таланттың оятып, шабытын одан әрі камшылайтын білікті мамандар жұмыс істейді. Осындай маман иелерінің шәкірттері аймақта, республика көлемінде болатын мерекелік іс-шараларда өнер көрсетіп, түрлі жарыс жобаларында жеңіс тұғырынан көрініп жүр. Одан бөлек, қыздарға арналған тоқыма тоқу, сурет салу, саз балшықтан мүсін жасау себептік сағаттары ұйымдастырылады. Соның негізінде жұмыс істегісі келгендердің әрқайсысы бүгін өз ісінің маманына айналған. Соның арқасында, мүмкіншілігінің шектеулілігіне қарамастан, қоғамға пайдалы болғысы келетін, жұмыс істеуге қабілетті жандар бос уақытта өзіне ұнайтын шаруамен айналысып, нәпақа табуға мүмкіндік алған.

Екіншіден, орталықта мүгедектігі бар адамдар үшін цифрлық

сауаттылық мамандары белсенді қызмет атқарып келеді. Орталықта 16 жас пен 50 жасқа дейінгі мүмкіндігі шектеулі адамдар сабақ алады, қатыса алмаған жағдайда оларға қашықтықтан білім алу мүмкіндігі қарастырылған. Заман көшінін қалың жасау үшін IT саласын үйренгендер қоғамда өзін еркін сезініп, басқалармен тең дәрежеде өмір сүру мүмкіндігіне ие болып отыр.

Үшіншіден, орталық қызметкерлері мүгедектігі бар жандардың қажеттілігін қанағаттандыра алатындай арбалар жасаумен айналысады. «Мүгедектерге арналған арбаны сезінген адам ғана істей алады» деген маман жас балалар мен ересектерге ұсынатын арбалардың арасында айтарлықтай айырмашылық бар, сондықтан тапсырыс алатын кезде алдын ала міндетті түрде тапсырыс берушінің өлшемін алатынын айтты.

— Елде ерекше жандарға қажетті арбаларды өндіруді жолға қойдық. Бұл арбалардың ерекшелігі — адам бойының ұзындығы мен салмағына қарай ыңғайлы. Адамның дене тұрпатының өлшемімен жасалған арба еркін қозғалуға мүмкіндік береді. Арбада ұзақ отыратын адамдардың қан айналымы нашарлайтыны белгілі. Ондай жағдайда ыңғайсыз отыру да ішкі ағзаларға кері әсер етеді. Сондықтан арба адамға жайлы болғаны дұрыс, — деді ол.

Орталықтың көздегені — материалдық тәуелсіздік және ен маңыздысы — қоғамда өз орнын табу.

«Dos» Тәуелсіз өмір» орталығы өмірдің қиындығына тап болып, мүмкіндігі шектелген адамдарға шектеусіз өмір сүрудің жайын ұғындырып, оларды ұдайы қолдап келеді.

Сымбат БАУЫРЖАНҚЫЗЫ

«ГАА RR арналған қосалқы бөлшектер» тауарларын сатып алу бойынша қайта ашық тендерді өткізу туралы хабарландыру

«Азиялық Газқұбыры» ЖШС «ГАА RR арналған қосалқы бөлшектер» тауарларын қайта сатып алу бойынша ашық тендер өткізетіндігі туралы жариялайды. (Лот саны — 1, жалпы сомасы 4 084 300,00 тенге, ҚКС-сыз).

Сатып алынатын тауарларын тізбесі мен олардың егжей-тегжейлі ерекшеліктері тендерлік құжаттамада көрсетілген.

Тендерлік құжаттаманың көшірмелерін 050062, Қазақстан Республикасы, Алматы қаласы, Абай даңғылы 109 «В», 604-қаб. мекенжайынан, 09:00-ден 13:00-ге дейін және 14:30-дан 18:30-ға дейін алуға болады.

Тендерлік құжаттаманың көшірмесін алу үшін әлеуетті жеткізіп берушінің өкілінде сенімхаттың түпнұсқасы және жеке басын куәландыратын құжаттың көшірмесі болуы қажет.

Конверттерге салынған тендерге қатысуға арналған өтінімдерді әлеуетті жеткізіп берушілер «Азиялық Газқұбыры» ЖШС, 050062, Қазақстан Республикасы, Алматы қаласы, Абай даңғылы 109 «В», 604-қаб. мекенжайына ұсынады (жібереді).

Тендерге қатысуға өтінімдерді ұсындығын соңғы мерзімі 2023 жылғы 23 қарашада, сағ. 10:00-ге дейін.

Тендерге қатысуға арналған өтінімдер салынған конверттер 2023 жылғы 23 қарашада, сағ. 11:00-де мына мекенжайда ашылатын болады: 050062, Қазақстан Республикасы, Алматы қаласы, Абай даңғылы 109 «В», 605-конференц залы.

Қосымша ақпарат пен анықтаманы мына телефон арқылы алуға болады:

+ 7 (727) 393-02-79.

Объявление о проведении закупки товаров «Запасные части для ГПА RR» способом повторного открытого тендера

ТОО «Азиатский Газопровод» объявляет о проведении повторного открытого тендера по закупке товаров «Запасные части для ГПА RR». (Количество лотов — 1, на общую сумму 4 084 300,00 без учета НДС).

Перечень закуваемых товаров и их подробная спецификация указаны в тендерной документации.

Копии тендерной документации можно получить по адресу: 050062, Республика Казахстан, г. Алматы, пр. Абая 109 «В», каб. 604, с 09:00 — 13.00 ч. и с 14.30 — 18.30 ч.

Для получения копии тендерной документации необходимо наличие у представителя потенциального поставщика оригинала доверенности и копии документа, удостоверяющего личность.

Тендерные заявки на участие в тендере, запечатанные в конверты, представляются (направляются) потенциальными поставщиками в ТОО «Азиатский Газопровод» 050062, Республика Казахстан, г. Алматы, пр. Абая 109 «В», каб. 604.

Окончательный срок предоставления заявок на участие в тендере до 10:00 часов 23 ноября 2023 года.

Конверты с заявками на участие в тендере будут вскрываться в 11 часов 00 минут 23 ноября 2023 года по следующему адресу: 050062, Республика Казахстан, г. Алматы, пр. Абая 109 «В», в конференц-зале 605.

Дополнительную информацию и справку можно получить по телефону:

+ 7 (727) 393-02-79.

«Компания ECOS» ЖШС өнертабысқа патент алу үшін материалдарды дайындау бойынша қызмет көрсететін компаниялар арасында тендер жариялайды. Қатысуға тендерлік өтінімдер мөрленген конвертте мына мекенжай бойынша беріледі: Алматы қ., Жароков к-сі, 210А, 111-қаб.

Қосымша ақпарат алу үшін +7 (727) 356-33-56 телефоны бойынша немесе Алматы қ., Жароков к-сі, 210А, 111-қаб. мекенжайы бойынша хабарласуыңызды сұраймыз. Байланыс тұлғасы — Бектұмов Асхат.

ТОО «Компания ECOS» объявляет тендер среди компаний по оказанию услуги по подготовке материалов для получения патента на изобретение. Тендерные заявки на участие предоставляются в запечатанном конверте по адресу: г.Алматы, ул. Жарокова 210А, каб. 111.

Для получения дополнительной информации просим обращаться по телефону: +7 (727) 356-33-56 либо по адресу: г.Алматы, ул. Жарокова 210А, каб. 111. Контактное лицо — Бектұмов Асхат.

ТОЗЫҒЫ ЖЕТКЕН, ОЗЫҒЫ БІТКЕН

Елімізде міндетті сақтандыру халықтың жалақысынан жырып алынғанымен, тегін медициналық көмекке қолы жетпей сандалған жұрттың қарасы көп. Басты себеп – мемлекеттік емханалар мен ауруханаларда сала дәрігерлері жеткіліксіз. Халық тегін көмек ала алмаған соң жекеменшік емдеу мекемесіне жүгінуге мәжбүр. Денсаулық саласы бұдан өзге де өзекті түйткілдерден арыла алмай келеді. Тұтас ел аумағында мемлекеттік медициналық емдеу мекемелері ғимараттарының басым бөлігінің тозығы жеткен. Құрал-жабдықтары мен көлік техникалары жеткіліксіз яки әбден ескірген...

мүлде ғимарат жоқ. Мұндағы қызметкерлер наукастанып қалған адамдардың үйіне барып ем-дом жасауға мәжбүр. Аудандағы ауруханалар, амбулаториялар мен медициналық пунктердің 85,6 пайызы тозған. Алайда жаңадан салынуға тиіс болған құрылыстың әлі қазығы да қағылмапты. Мәселен Новокубанское ауылындағы амбулаторияның салыну уақыты әлдеқашан болғанымен жер учаскелері құжатының шым-шытырғынан аудан әкімдігі тағы да «келер жылы салып береміз» деген құрғақ уәдесін ғана берген екен. Мұнда да автопарктың 93,5 пайызы тозған. Автокөліктердің ең жаңасы 2014 жылы берілген. Сондықтан ауруханалар күнара тозған көліктерге қаржы салып жөндеу жүргізуге мәжбүр болатынын айтады.

Бұл мәселені Мемлекет басшысы Қасым-Жомарт Тоқаев жиі айтып жүр. Президент еліміздегі емханалар мен ауруханалардың 80 пайызы тозығы жеткенін мысал еткен. Мемлекет басшысына дейін жеткен бұл мәселе салалық министрлікті айналып өтетін сияқты. Өйткені денсаулық сақтау саласында жан ауыртар дүние жетерлік.

Түйткілді жағдай мұнымен таусылмайды. Облыстық Денсаулық сақтау басқармасы өңірде медициналық емдеу мекемелері автокөліктерінің де тозғанын мойындады. Салдарынан қатты ауырып желделдерілік көмек көрсетулі қажет ететін науқастарға жүйткіп баратын жедел жәрдем көліктері де жеткіліксіз. Бар болса да ондаған жыл қызмет еткен автокөліктер күнара сынып, күнделікті қолдануға жарамсыз күйге кеткен.

Әсіресе, облыс орталығының дәл іргесінен орналасқан Зеренді ауданындағы жағдай төбе-қүйқанды шымырлатады. Аудандағы 54 емдеу нысанының төртеуі ғана келер жылы күрделі жөндеуден өткізілмек. Ал қалған 50 медициналық емдеу мекемесінің ғимараттары мүлде тозып кеткен. Басым бөлігіне тіпті СЭС тиісті қорытынды да бермеген болып шықты. Мәселен, Красилловка ауылындағы медициналық пунктің салынғанына бір ғасырдан асып кеткен. Арнайы ғимараттары болуға тиіс болғанымен бірнеше емдеу мекемелері мен медициналық пунктер әкімдік, клуб және мектеп сияқты ғимараттарға орналасуға мәжбүр болған.

— Аудандағы барлық емдеу ғимаратының орташа жасы 40 жылдан асқан. Ғимараттар расында да қатты тозып тұр. Сондай-ақ автокөліктердің де жайы аса мәз емес. Аудандағы медициналық жедел жәрдем көліктері 100 пайыз тозған. Биыл ғана облыстан 2 жедел жәрдем көлігі берілген. Алайда қазір мүшкіл жағдайдан шығу үшін тым құрығанда 10 жедел жәрдем көлігі қажет. Техника тозып кеткендіктен үнемі сынып қалады. Сондықтан науқастарға жедел жетудің өзі үлкен қиындық тудырады, — дейді Зеренді аудандық ауру-



ханасының бас дәрігері Руслан Бөтенбаев.

Өңірдегі медициналық емдеу нысандарындағы құрылғылардың да жағдайы сын көтермейді. Алайда дәрігерлер үшін тозығы жеткен, әлдеқашан жарамсыз деп танылуға тиіс құрылғыларды ілдәлалап күтіп ұстау қалыпты жағдайға айналған. Салидат Қайырбекова атындағы денсаулық сақтауды дамытудың ұлттық ғылыми орталығының Ақмола облыстық филиалы мәліметтеріне сенсек, аймақтағы медициналық техниканың 35,3 пайызы әбден тозған.

Облыстағы жедел жәрдем көліктері техникаларының жеткіліксіздігін аймақтағы жүргізушілер мен дәрігерлер де осыған дейін бірнеше мәрте көтерген. Жүргізушілердің айтуынша, жалақы да төмен. Күні-түні кірпік қақпай қызмет еткенімен, жұмыстың ауырлығына алатын ақысы мандымайтындықтан жиі жұмыстан шығып кетеді. Аты-жөнін атамауды өтінген Қосшы қаласындағы жедел жәрдем қызметкері автокөлік жеткіліксіздігін ашына жеткізді. Оның айтуынша, бұзылып қалған көлікті жүргізушілердің өзі жөндеуге мәжбүр. Алайда көлікті жылдам жөндеу үшін құралдар да, қосалқы бөлшектер де болмай қалады. Мұндай жағдайда көлігі істен шыққан жедел жәрдем бригадасының жүргізушілері үйіне қайтарылды. Бірақ жедел көмекті қажет еткен науқастардың тым көп болуы себепті

кезекші дәрігерлер басқа бригадалармен кезектесіп барады. Сонда да жалақысының 50 пайызын ғана алуға мәжбүр.

— Қосшы қаласында 100 мыңға жуық халық тұрады. Бірақ бізде бар болғаны 3-ак жедел жәрдем бригадасы қызмет көрсетеді. Бірақ емханаларға тек 35 мың адам тіркелген. Заңға сәйкес, 10 мың адамға 1 жедел жәрдем бригадасы қызмет көрсетеді. Бірақ мұндағы жұрттың бәрі Қосшыда 100 мың халық тұратынын жақсы біледі. Олардың бәрі де Астана қаласы емханаларында тіркелген. Алайда оқыс қатты ауырып қалған жағдайда олардың бәріне біз қызмет көрсетуге мәжбүрміз. Тіпті, қатты оқыс жағдайларда да науқасқа жедел жетуге үлгермейміз. Қосшыда аурухана болмағандықтан науқасты Астанаға тасимыз. Бұған кемінде 1,5-2 сағат уақыт кетеді. Кейде, тіпті екі көлік елордаға бір мезетте кетіп, Қосшы қаласына бір ғана көлік қызмет көрсететін кездер болады. Мұнымен қоса, Қызылсуат ауылына қызмет көрсетеміз. Көліктеріміз жиі бұзылып қалады. Кейде, тіпті екі көлік бірдей сынып, тұтас қалаға тек бір бригада жұмыс істейтін кез болады. Кезекпен қызмет етеміз. Бірақ тұтас қала қызмет көрсету бригадаға өте ауыр. Түйінді мәселені тиісті Денсаулық сақтау министрлігі қаперіне алса екен дейміз, — дейді Қосшы қаласы жедел жәрдем қызметкері.

Өңірдегі медициналық мекемелер ғимараттары, құрылғылары мен техникасының бүгінгі жайы мен алда қаншалықты түзету жоспарының бары жайлы облыстық Денсаулық сақтау басқармасынан анықтамалық болып сұрап көрдік. Ведомствоның мәліметінше, тозығы жеткен ғимараттары аз-мұз болса да азайту мақсатында биыл 14 нысанға күрделі жөндеу жүргізу үшін бюджет қоржынынан 2,2 миллиард теңге, оның ішінде «Ауыл — ел бесігі» бағдарламасымен 390 миллион теңге бөлінген. Дегенмен күні бүгінге дейін аталған жөндеу жұмыстары 4 ғимаратта ғана аяқталған.

Өңірдегі денсаулық сақтау ұйымдарының инфрақұрылымын жақсарту мақсатында Целиноград ауданының Коянды ауылында алғашқы медициналық-санитарлық көмек орталығының, Атбасар ауданының Новосельское ауылында фельдшерлік-акушерлік пункт және Сочинское ауылында медициналық пункт, Біржан сал ауданында емханамен біріктірілген аудандық аурухананың құрылысы жүріп жатыр. Сонымен қатар «Ауылдық денсаулық сақтауды жаңғырту» ұлттық жобасы шеңберінде аймақта 38 алғашқы медициналық-санитарлық көмек нысанының құрылысы жоспарланған. Ол үшін 9 жобалық-металық құжаттама жасалып жатыр. Медициналық техникаларды жаңарту мақсатында биыл облысқа 109 бірлік құрылғы сатып алынбақ. Оның ішінде 5 бірлік компьютерлік томография аппараты, 2 дана ангиографиялық құрылғылар бар. Қазіргі уақытта келісімшарттар жасалып, құрылғыларды жеткізу желтоқсан айына жоспарланған. Әрине, облыстың медициналық ұйымдарында автокөліктердің тозғаны рас. Қазіргі уақытта облыстық бюджет есебінен 32 автокөлік сатып алу процесі жүріп жатыр. Оның ішінде 15 санитарлық автокөліктер болса, 17 автокөлік патронаждық қызметке арналған жеңіл көліктер. Қазір конкурстық рәсімдер болып жатыр. Жеткізу осы жылдың желтоқсан айына жоспарланған, — деді Ақмола облысы Денсаулық сақтау басқармасының басшысы Нұрлан Ахилбеков.

P.S.

Қысқасы, денсаулық сақтау саласындағы жылдар бойы қордаланып қалған мәселелерді бірер жылда шешіп тастау мүмкін болмайтын анық байқадық. Дегенмен құзырлы министрліктер мен ведомстволар түйінді мәселелерді шешуге барында күш салу қажет деген ойдамыз.

Абзал АЛПЫСБАЙҰЛЫ,
Ақмола облысы



ТҮРКІСТАНДЫҚТАР ҮШІН ТАБЫСТЫ ЖЫЛ

Биыл түркістандықтар үшін күзгі жиын-терім науқаны табысты болды. Атап айтсақ, жылдан-жылға құрғақшылық қысып бара жатса да оңтүстіктің дихандары шаруасын тоқтатпай жүргізіп, заманауи технологияларды тиімді пайдалана отырып, көсімін жақсы дөңгелетуде. Айталық, биыл 870,2 мың гектар жерге ауыл шаруашылығы дақылдары егіліп, өткен жылдан 9 мың гектарға артты.

Мәселен, көкөніс, бақша, картоп дақылдары бойынша өнімділікті арттыру есебінен рекордтық 3,3 млн тонна өнім жиналған. Бұл туралы облыс әкімі Дархан Сатыбалдының төрағалығымен өткен аппараттың апталық отырысында белгілі болды.

Отырыс барысында салада қандай мәселелер, жоспарлар бар? Жыл қалай қорытындыланды? Бұл сұрақтар аталған жиында талқыланды. Жауаптардың төрт көзі түгел жиналған жиында облыс әкімі өзі берген тапсырмаларды тағы бір нақтылап, алдағы уақытта атқарылар жұмыстарды талқылады.

— Ауыл шаруашылығы — облысымыздың негізгі драйверлерінің бірі. Ізденісті тоқтатпау керек. Су үнемдеу технологияларын қолдану, егістікті әртараптандыру аса маңызды. Бекітілген индикторға қол жеткізе алмаған аудандарда жұмысты күшейткен жөн. Өңірде ауыл шаруашылығы өнімдерін терең өңдеу, экспорттық әлеуетті көтеру және азық-түлік тапшылығының алдын алу бағытындағы жұмыстар жүйелі атқарылсын, — деді Дархан Сатыбалды.

Облыстық Ауыл шаруашылығы басқармасының басшысы Нұрбек Бадырақовтың айтуынша, өңірде егістікті әртараптандыру, су

үнемдейтін дақылдар алқабын көбейту жұмыстары дұрыс жолға қойылған. Егістікті әртараптандыру нәтижесінде масақты дақылдар 10 мың гектарға артып, 273,4 мың гектарға егілген және одан 493 мың тонна өнім жиналды. Майлы дақылдар 6 мың гектарға артып, 83,2 мың гектарға егілген. 83 мың тонна өнім жиналса, малазықтық дақылдар 2 мың гектарға артып, 5 млн тонна малазық дайындалған. Жоспар артығымен орындалды. Бір ерекшелігі, көкөніс, бақша, картоп дақылдары 2 мың гектарға қысқартылған. Бірақ өнімділікті арттыру есебінен рекордтық 3,3 млн тонна өнім жиналған. Мақта дақылғы 15 мың гектарға қысқартылып, 300 мың тонна мақта алынды.

Облыстың оңтүстік өңірлерінде мақта дақылдың рентабельділігі жоғары дөңдік жүгері, бұршақты дақыл және малазықтық дақылдармен алмастыру арқылы ауыспалы егістікті өндіру жұмыстары кенінен жүргізілуде. Бұл бағытта дөңдік жүгеріні өткізу нарығымен қамтамасыз ету мақсатында Шардара ауданының индустриалды аймағындағы 35 гектар аумаққа құны 32 млрд теңгені құрайтын «Жылына 150 мың тонна жүгері дәннен терең өңдеу зауыты» жобасы жүзеге асырылуда. Түркия және Франция елдерінің технологиясы қолданылған жобаның бірінші кезеңі аяқталып, тауар өндірушілерден 2 мың тонна дөңдік жүгері қабылданды.

Облыста минералды тынайықштар алу үшін 10 575 агроқұрылымға 6,3 млрд теңгеге мемлекеттік қолдау көрсетілді. Пестицидтер мен биогенттер алу үшін 275 агроқұрылым 60 млн теңгеге мемлекеттік қолдауға ие болды. Сонымен бірге тұқым, жанар-жағармай бойынша да шаруаларға тиісті көмек берілген.

Тельман БЕЙСЕН,
Түркістан облысы

Өкінішке қарай, еліміздегі өндіріс орындарында адамдардың өлімімен, жарақатануымен аяқталатын оқиғалар жиіледі. Тексерістер барысында кейбір өндіріс ошақтарында еңбек қауіпсіздігі сақталмайтыны, енді бірінде жұмысшыларға қажетті жағдай жасалмайтыны, жұмысқа қабылдау мен рұқсат ету талаптарының сақталмайтыны анықталып жатыр. Осыған байланысты қазіргі кезде еліміздегі еңбек қауіпсіздігіне ерекше назар аударыла бастады.

ЕҢБЕК ҚАУІПСІЗДІГІ — ЕРЕКШЕ НАЗАРДА

Өңірлік коммуникациялар қызметі Жетісу облысының Еңбек инспекциясымен бірлесіп, облыс пен Талдықорған қаласының өндірістік кәсіпорындарындағы еңбек қауіпсіздігінің сақталуына қатысты баспасөз-тур өткізді. Басты мақсаты — кәсіпорындардағы қызметкерлердің еңбек құқықтарын қорғау, еңбек қауіпсіздігі мен еңбекті қорғау туралы заңнаманың қаншалықты сақталып жатқанын қадағалау болған шара Талдықорғандағы жүздеген адамды жұмыспен қамтып отырған ірі кәсіпорындардың бірі — «Темірбетон» ЖШС зауытынан басталды. Кәсіпорын өз өнімдерін еліміздегі энергетика, теміржол және өнеркәсіптік-азаматтық құрылысты қоса алғанда, тағы да басқа көптеген салаға жеткізеді. Сонымен бірге Ресей, Өзбекстан және Моңғолияға экспорттайды. Серіктестік болтырдан бері өзінің өндірістік технологияларын газбен жабдықтауды белсенді түрде қолға алған. Күрделі жағдайда жұмыс істейтін жұмысшылардың негізгі еңбек демалысына қосымша тағы 6-12 күн қосылады. Қысқы кезеңде қызметкерлердің жалақысына 11% мөлшерінде қосымша ақы төленеді. 2023 жылдың алғашқы 10 айында еңбекті қорғау жөніндегі іс-шараларға 52 миллионнан астам теңге жұмсалыпты.

«Темірбетон» ЖШС директоры Азат Ерғалиевтің айтуынша, кәсіпорында жылына шамамен 8 мың текшеметр темірбетон ұйымдар шығарады. Қазір мұнда 673 адам еңбек етеді. Быылғы орташа жалақы — шамамен 312 мың теңге. Ай сайын сыйақы төлеу шарты қарастырылған жаңартылған ұжымдық шартқа қол қою жүргізілуде. Сондай-ақ жәрдемде, баланың тууы және некеге отыру бойынша төлемдер артады. Одан бөлек, арнайы жеке қорғаныс құралын беру қарастырылған. Қызметкерлердің өтініші бойынша келісім комиссиясы құрылыпты. Онда өндірістегі сапа мен қауіпсіздіктің жақсаруына байланысты өтініштері қаралады.

Өңірдегі электр энергиясын беру және таратуды жүзеге асыратын «ТАТЭК» АҚ компаниясы да Талдықорғанда орналасқан. Компания облыс аумағындағы 323 элді мекенде орналасқан 195 мың абонентке қажетті электр энергияны өңірдегі трансформаторлық қосалқы стансалар арқылы таратады.

Өз тұтынушыларын электрмен қамтуда үзілістің болмауы және сапаның жақсы болуын мақсат тұтатын компания биылғы күзгі-қысқы жұмыс кезеңінде желілер мен жабдықтарды дайындау жұмысын аяқтапты.

«Кәсіпорында 1 503 адам еңбек етеді. Орташа жалақы мөлшері 150 мың теңгеден асады. Қызметкерлердің жұмыс істеуіне барлық қажетті жағдай қарастырылған. Атап айтсақ, қажетті құрал-жабдықтармен толық қамтылған, іссапарға баратын өндірістік персоналға қажетті барлық тұрмыстық жағдай ойластырылған. Еңбек демалысына бару



бекітілген кестемен жүзеге асырылады. Сондай-ақ жұмысшылар тамақтанатын асхана қызметі де жоғары қойылған. Оларды автобуспен жұмысқа алып келіп, жұмыстан соң үйлеріне апарып тастау да шешілген», — дейді «ТАТЭК» АҚ-ның баспасөз хатшысы Нұржамал Абилова.

Биыл компанияда еңбекті қорғауға 35 млн теңгеден астам қаражат бөлініп, электр қондырғылары мен желілеріндегі жұмыстың қауіпсіздігі қамтамасыз етіліпті. Барлық бригада қорғаныс құралдарымен жабдықталған.

Жетісу облыстық Еңбек инспекциясы бойынша басқарманың мемлекеттік еңбек инспекторы Еркін Дәуретұлы: «Жетісу облысы Еңбек инспекциясы басқармасына бүгінгі күнге дейін 405 жұмыскерден өтініш түсіп, оның 394-не жауап беріліп, 11-і қарастыруға жіберілді. Тексеріс бойынша жұмыс берушілерге 4 млн 226 мың теңге көлемінде айыппұл салынып, ұйғарымдар шығарылды. Айыппұлдар толығымен өтеліп, мемлекет қазынасына аударылды. Сонымен қатар тағы бір негізгі бағыт — еңбек қауіпсіздігін бақылау және қарастыру бойынша да қарқынды етудеміз. Кәсіпорындарға барып, еңбек заңнамасы талаптары түсіндіріледі. Тексеріс кезінде жұмыскерлердің еңбек қауіпсіздігі бойынша нұсқаулықпен танысқаны, тиісті киім-кешек, құрал-жабдықтармен қамтамасыз етілгені қадағаланады», — деп түсініктеме берді.

Болат АБАҒАН,
Жетісу облысы



Миды САҚТАСАҢ – САҚТАЙДЫ

Ғалымдар мұндай зерттеулердің онкологияға шалдыққан науқастарды емдеу ісінде, әсіресе ми жасушасын биобанкке өткізген пациентке жекелей ем-дом тағайындау кезінде маңызды рөл атқаратынын айтып, сүйіншіледі. Ми ісігін зерттеу және бұл дертті емдеуге арналған дәрі-дәрмекті тестілеуден өткізу үшін әдетте ғылыми қолданыста бар эксперименталды үлгілер, әсіресе тышқандар пайдаланылады. Зерттеушілер айтарлықтай маңызды нәтижеге қол жеткізгеннен кейін ғана науқастардың ми тінін іздеп, тәжірибе жасап, тек содан соң ғылыми жаңалығын дәлелдеп жатады. Зерттеуге қажетті көлемде биоматериал іздеу ұзақ уақыт алуы мүмкін. Бұл уақытта қандай да бір мәліметтер ескіріп, ғылыми жаңалықтар өзектілігін жоғалтуы мүмкін. Бұдан бөлек, ғалымдар құзыретті мекемелермен ұдайы байланыс жасап отыруы тиіс, оған қоса, заңды және этикалық талаптарды сақтауы шарт, қағазбастылық тағы бар. Бұл мәселе бірқатар ғылыми зерттеудің жарыққа шығуын һәм қолданысқа енуін тежеп келеді.

Осы орайда Испаниядағы Ұлттық онкологиялық зерттеу орталығының (CNIO) мамандары керемет шешім тапты – миға метастаз берген ісігі бар науқастардың тірі тіндерін сақтайтын қор ашты. Аталмыш биобанк RENACER – ми метастазы бар аурулардың ұлттық жүйесінің бір бөлігі. RENACER құрамындағы 18 аурухананың бірінде ота жасататын ми ісігі бар науқас миының кішкентай бір бөлшегін биобанкке бере алады. Ми жасушалары тірідей сақталатындықтан, оның нақты бір дәрі-дәрмекке әсерін зерттеуге мүмкіндік туады. Бір сөзбен айтқанда, науқастың жекелеген «аватары» жасалады және сол арқылы оған мейлінше оңтайлы әрі жағымды болатын ем түрін анықтау ықтималы артады. Тін үлгілерін жинаудан басқа, RENACER 150-ден астам ми метастазын профилюдеу үшін РНҚ мен экзосомасеквенциясын қолданады. Ал жиналған барлық мәлімет халық-



Испанияда адам миының тірі тіндерін сақтайтын алғашқы биобанк ашылды. Бұл ғылым мен медицина үшін айтарлықтай үлкен жетістік болып отыр. Енді испандық ғалымдар ми ісігі бар науқастардан биоматериал жинап сақтамақ және оны ғылыми ортаға түрлі зерттеу жасау үшін, сондай-ақ дәрі-дәрмектерді тәжірибеден өткізу үшін ұсынады. Ал жинақталған мәліметтер халықаралық ғылыми қауымдастыққа қолжетімді болмақ.

болашақ ғылыми және медициналық зерттеулер үшін үлгі ретінде сақталады.


«RENACER ауруханалар желісімен тікелей байланыста жұмыс істейтіндіктен зерттеулер нәтижесін тез арада клиникалық сынақтан өткізуге де мүмкіндік туады», – дейді ғалымдар. «Шын мәнінде, о баста эксперименталды үлгілерден табылған сұйық биопсияға сәйкестін биомаркер енді проспективті көп институционалды зерттеудің маңызды бөлігі болып саналады, өйткені бұл сәуелі терапияға инвазивті емес болжау стратегиясын бағалауға мүмкіндік береді».

Ғалымдар RENACER жүйесін жетілдіруді жоспарлап отыр, мысалы, арнайы базаға мидың суреттерін жүктеу ісі қолға алынды, бұл сырқаттың жалпы сипаты, сондай-ақ оның емдеу ісіне реакциясы туралы жан-жақты ақпарат алуға мүмкіндік береді.

Зерттеушілердің айтуынша, қазіргі уақытта RENACER ми ісігіне маманданғанымен, көп жағдайда ми метастазы бар науқастардың сырқаты ағзасына тарап, басқа да мүшелерін зақымдайды. Сондықтан экстракраниалды (мидан тыс) метастаздарды зерттеуге маманданған басқа да жүйелермен серіктестік орнатуға ниет бар және мұндай ынтымақтастық метастаз беретін аурулардың көптеген проблемасын шешуге көмектесер еді. Өйткені кәтерлі ісікке шалдыққан науқастардың басым бөлігі сырқаттың ағзаға таралып кетуінен көз жұмып жатыр.

Айта кетейік, Дүниежүзілік денсаулық сақтау ұйымының мәліметінше, кәтерлі ісік жыл сайын әрбір алтыншы адамның өліміне себеп болады, 2020 жылы бұл сырқаттан 10 миллионнан астам науқас көз жұмған.

Асыл ТҰМАР



БҚО-да ЖАҢА МЕКТЕП АШЫЛДЫ



БҚО Казталов ауданындағы Алма Оразбаева атындағы мектеп 2019 жылы апатты деп танылып, күрделі жөндеуге жабылған болатын. 600 оқушыға арналған тарихи мектепте төрт жылға жуық жөндеу жұмысы жүрді. Күні кеше жаңа, жарық, заманауи білім ошағы оқушылар мен ұстаздар қауымы үшін есігін айқара ашты.

Ескі мектеп ғимараты 2017 жылғы 18 сәуірдегі «ЖайықСтройИнжиниринг» ЖШС-ның қорытындысы негізінде «апатты жағдайда» деп танылған болатын, мектеп оқушылары 2022-2023 оқу жылында 10 жерде, биыл 5 жерге бөлініп, әбден шашырап қалып еді. Бұл ата-аналар тарапынан наразылық туғызғаны жасырын емес. Енді, міне ауданда көптен күткен қуанышты сәт. Балалар мен ұстаздар өз ұясына оралып, мәре-сәре болуда.

Мектептің ашылу салтанатына Казталов ауданының әкімі Асланбек Сарқұлов, облыстық құрылыс басқармасының басшысы Әлібек Антазиев, облыстық білім басқармасы басшысының

мектептің жаңа ғимаратқа көшуі өңіріміз үшін елеулі оқиға», – деді.

Ұзақ жылдық тарихы бар мектептің ашылуына облыс әкімі Нариман Төреғалиевтің атынан құттықтау жолданып, жаңа мектепке ЛЭД экран табыс етілді. Мектептің ашылу рәсімі Бисенбек Жамбылұлы мен ардагер ұстаз Гүлзия Гариғқызына, Алма Оразбаеваның туысы Ринат Иусупұлы мен мектеп мақтанышы, олимпиада жүлдегері, «Алтын белгіге» үміткер Әлихан Жаныбековке жолданып, лентасы қиылды.

Алма Оразбаева атындағы 600 балаға арналған мектеп заман талабына сай жабдықталған. Мектепте әр балаға арналған 600 шкаф, кейбір сыныптарда



орынбасары Бисенбек Насимуллин, Алма Оразбаеваның туысы Ринат Оразбаев және ауыл тұрғындары қатысты.

Салтанатты шарада сөз алған Казталов ауданының әкімі Асланбек Сарқұлов: «Ұлт ұстазы Ахмет Байтұрсынұлының: «Білімді болуға оқу керек. Бай болуға қасіп керек. Күшті болуға бірлік керек. Осы керектердің жолында жұмыс істеу керек» деп айтқан қанатты сөзін әрбіріміз есімізден шығармағанымыз абзал. Осы орайда «Жеті түрлі ілім білетін» ұрпақ тәрбиелеу – бүгінгі күннің негізгі міндеті. Биыл бірегей білім ордасының ашылғанына 155 жыл, қоғам қайраткері Алма Оразбаеваның туғанына 125 жыл толып отыр. Осындай айтулы даталармен тұспа-тұс келген

ЛЭД экран орнатылған. Мектеп іші жарық, жылы және көріз желісі, ауа реттегіш вентиляциямен қамтылған. Жаңа ғимаратта 32 оқу кабинеті бар, 11 интерактивті тақта, 10 интерактивті панельмен жабдықталған. Сонымен қатар 1 шеберхана, 1 информатика кабинеті, 1 робототехника кабинеті, спортзал, 2 кітапхана және 50 орындық оқу залы, 130 орындық акт залы, 270 орындық асханасы, арт студия, Алма студия, фото студия, психологиялық тренинг кабинеті бар.

Оқушылардың сапалы білім алуына толық мүмкіндік жасалған. Заманауи мектепті аралап көрген қонақтар ризашылығын білдірді.

Ж.ҚАЙЫРҒОЖИНА

КОМАНДА 9-ОРЫНҒА ЖАЙҒАСТЫ

Халықаралық теннис федерациясы әлемдегі әйелдер құрамалары арасында жаңартылған рейтингті жария етті.

Қазақстан теннис федерациясы мәлім еткендей, командалық әлем чемпионатының қорытындысымен қазақстандық құрама дүниежүзілік рейтингте 9-орынға жайғасты.

Испанияның Севилья қаласында өткен Билли Джин Кинг кубогының финалдық кезеңінде командалар үшін төрт топқа бөлініп, шеберлік байқасты. Қазақстан Словениядан қалып қойғанымен, өз тобында Аустралияның артқа тастап, екінші орынға ие болды. Сөйтіп, үздік сегіз команданың

қатарына енді. Бірақ барлық құраманың көрсеткіштерін және бұрыннан жиналған ұпайларын есептегенде, қазақстандықтар 9-сағыға тұрақтады.

Қазақстан командасы Германия, Словакия, Румыния, Бельгия, Ұлыбритания, Польша секілді елдерді басып озды.

Қазақстан әйелдер құрамасы биылғы сәуірде өзінің ең үздік көрсеткіші – жетінші орынға көтерілген еді.

Әлемдік рейтингте биылғы Билли Джин Кинг кубогын өз тарихында алғаш рет жеңіп алған Канада көш бастады. Одан кейін Аустралия, Швейцария, Чехия, Италия, Франция, Испания, АҚШ, Қазақстан және Германия командалары орналасты.

NUR MEDIA
МЕДИАХОЛДИНГ
AIQYN
Меншік иесі – «Айқын-Литер» ЖШС
Директор –
Бісқақ ЕГЕМБЕРДИЕВ

Бас редактор –
Амангелді ҚҰРМЕТ
Гүлзина БЕКТАС –
Бас редактордың
бірінші орынбасары
Ботагөз МАРАТҚЫЗЫ –
Шығарушы редактор
Елдар ҚАБА –
Секретариат меңгерушісі

АЙМАҚТАҒЫ ТІЛШІЛЕР:
Абзал АЛПИСБАЙҰЛЫ –
Ақмола облысы
Алтынай БАУЫРЖАНҚЫЗЫ –
Алматы қаласы
Саятхан САТЫБАҒАН –
Жамбыл облысы
Әдебиет БЕЛГІБАЙҰЛЫ –
Қарағанды облысы
Назгүл НАЗАРБЕК –
Шымкент қаласы
Ербақыт ЖАЛАҒСБАЙ –
Қызылорда облысы
Баян ЖАНУЗАҚ –
Атырау облысы

«АЙҚЫН» ГАЗЕТІНІҢ
ЖАЗЫЛУ ИНДЕКСІ:
Кәсіпорындар,
мекемелер үшін – 35102
Зейнеткерлер,
соғыс ардагерлері үшін – 45102
Жеке жазылушылар үшін – 25102
ЖАРНАМА БӨЛІМІ:
8(701) 675-42-14, 8(7172) 72-95-31
reklama.aiqyn@gmail.com
ЖАЗЫЛУ ЖӘНЕ ТАРАТУ БӨЛІМІ:
8(771) 804-61-32
podpiska.alt@gmail.com

Газет «Айқынның»
компьютер орталығында беттелді
ТАРАЛЫМЫ: 40 000
Тапсырыс №4376
Астана қ., «Медиа-холдинг «ERNUR» ЖШС
Сілеті көшесі 30,
тел.: 8(7172) 99-77-77
Алматы қаласы, «Алматы-Болашақ» АҚ
Мұқанов көшесі, 223 В
Шымкент қ., «ERNUR-print» ЖШС,
Әлімқұлов көшесі 22,
тел.: 8(7252) 53-06-66, 54-07-47 ішкі 114